

25.06.2021 ж № D00012

Бала тілін дамытудағы қолданылатын әдіс- тәсілдер

БАТЫРХАНОВА ЭЛЬЗА АХВАРОВНА
Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы
"Теремок" балабақшасының тәрбиешісі

Тіл адамдардың бір –біріне пікір алысып, қарым- қатынас жасайтын құралы болғандықтан тілдің қоғамдық, тәрбиелік қызметі де ерекше.

Ал, тілдіде, тіл мәдениетін игеру де баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін процесс. Сондықтан баланы бақшада оқыту және тәрбиелеу бағдарламасында белгіленген сабақ уақытының көбі балалар тілінің дамуына, көркем сөз өнеріне баулуға, мәнерлеп сөйлеуге, тіл мәдениетіне жұмсалған.

Бала бақшада өткізілетін оқу іс әрекеттердің барлығы осы салаға сабақтасып жатады. Мысалы: сурет оқу іс –әрекеті бойынша «Күзгі жапырақтары» тақырыбы бойынша балаларға алдымен көркем сөз оқимын.

Алтын, сары, қызыл, көк.

Алуан- алуан жапырақ

Күзгі бақта күлімдеп.

Көз тартады атырап.

Балалар тақырыпты бейнелемес бұрын, көркем сөзбен өлең жолдарынан қандай сурет салатындарын да байқап қалады. Әрбір сабақта тақырыпқа сай алынған көркем сөздердің, өлең жолдардың, жұмбақтардың, мақал-мәтелдердің енгізілуі, оқу іс –әрекетінде тартымды да нәтижелі болуына маңызы ерекше.

Біздің мектепалды даярлық тобында 24 бала тәрбиеленуде. Балалардың дендері сау, сана –сезімдері жастарына қарай жетілуіне балалардың ынтасы епті, айтқаныңды тез ұғады. Әңгіме, ертегілерді толық әңгімелемегенімен өз ойларымен қысқаша жауап бере алады. Осы топта Иман-Мәдиді алатын болсақ, ересек тобында болғанда сабақ кезінде, сабақтан тыс уақытында, серуен кезінде де сөйлемейтін еді, мерекелік ертеңгіліктерде тақпақтар айтпайтын, сұрақ қойсақ, өзіңе сыбырлап жауап беретін еді. Осы баланың ата–анасымен сөйлесіп, жеке жұмыс жүргіздім.

Осы дайындық тобына келгеннен кейін балалармен араласып ойнап, сабаққа қатысып, қойған сұрақтарыма жауап беретін болды. Жаңадан келген Мөлдір деген қыз бала бар, онымен бірге жеке жұмыс жүргізудеміз, оған әлі де біраз көмек қажет. Сосын кіші топтан келген Дана, Жаннұр, Айдостарға да жеке жұмыс жасамаса оларда тез түсіне қоймайды. Топта оқу іс- әрекеттердің бәрі ойын түрінде өтіледі.

Сабақтардың тақырыбы жоспарға сай ұйымдастырамыз. Мектепке дейінгі кезең, жас баланың жеке басының қалыптасуы кезеңі.

Балабақша табалдырығын аттаған бала адамгершіліктің бастамасы «сәлемдесуден» - тәрбие басталады. «Имандылықтың белгісі иіліп сәлем бергенің» деп бекер айтылмаған. Біз ең алдымен балалардың сәлемдесуіне көп мән береміз. Балалардың бәрі «Сәлеметсіз бе?» деп ертеңгілік амандасады, балабақшадан кетерде «Сау болыңыз!» деп қоштасады.

Баланың тілдерін жаттықтырып, ой – өрісін кеңейту үшін көп жұмыстыр жүргіземіз. Ертеңгілік қабылдаудан кейін, балаларға жеке жұмыс жүргіземін. Балалардан өз отбасы туралы жайлы әңгімеге тартамын.

Әкем менің- қауыншы,
Апам менің- сауыншы,
Ағам менің- егінші,
Жеңгем менің- тігінші,
Атам болса ұсташы
Бәрі- бәрі жұмыста
Отырамын мен текке
Меңде кеттім мектепке.

Өлең шумақтарын оқып беріп, балаларға қайталаптып жаттықтырамын. Ертеңгілік қабылдау, жуыну, тамақтану уақытында сабақтарда, серуенде жүргізілетін жұмыстардың бәрі, баланың сөйлеу тілін қалыптастыруға арналады. Осы жұмыстарды жүргізе отырып, олардың әр сөзінің сауатты, салауатты болуын қадағалаймыз. Яғни дұрыс айта алмаған сөзін дұрыстап қайталап айтуын талап етеміз. Тіл дамыту, көркем әдебиет сабақтарында балаларға тақпақтарды мәнерлеп жаттату, ертегілерді айтқызу. «Күз», «Күзгі жапырақтар» және жыл мезгіліне байланысты көптеген тақпақтарды жатқа айта алады.

«Алтын сақа», «Қарлығаш пен дәуіт», «Жыл басына таласқан хайуанаттар», «Алдар көсе мен бай», Жеті лақ пен қасқыр» ертегілерін әңгімелеп бере алады. Топтағы балалардың бәрін елгезек, алғыр деп айта аламын. Әсіресе Нұрдәурен. Олжас, Ақерке; Дәурен, Мая, Мейрамгул сынды балалар ертегінің мазмұнын тыңдап рөлдерге бөліп ойнай алады.

Мен жұмыс жасаған топтарда баланы ең алдымен өз ана тілінде еркін, сөйлеу, білуге баланың сөздік қорын байыту және сұрақ – жауап арқылы әңгімелесу, әдіс- тәсілдерді қолдануды басшылыққа алып отырдым. Мысалы: тіл дамыту оқу іс –әрекеті бойынша» Көктем құстары»тақырыбында, өткен осы сабақта сұрақ –жауап әдісін қолданған өте тиімді. Құстар жайлы қойылған сұрақтарға балалардан толық жауап беруін талап еттім. Сұрақтардың жауаптары құстар жайлы үлкен бір әңгіме құрайтындай қылып дайындадым. Жауап бере алмаған балаға дұрыс жауапты қайталадым. Сонымен бірге құстар жайлы мына мақал- мәтелдерді қолдандым:

1. Құс жеткен жеріне қонады.
2. Қарақұс басып жейді,
Сұңқар шоқып жейді.
3. Құстың алғанынан салғаны көп.

Сергіту сәтіне:

Торғай , торғай, тоқылдақ

Жерден тары шұқып –ап

Бөтегесі бұлтиып

Шиқ-шиқ етіп отырмақ.- өлең шумағын пайдаландым. Балаларға бұл сабақта құстар өмірі жайлы ғана емес, туған жердің өте ыстық болатыны туралы патриоттық түсінік алды.

Балабақшадағы балаға берелетін бүгінгі тәрбиенің ең бір өзек алатын жері ол ата – бабадан қалған асыл мұра. Баланың сана сезімін, ата – бабадан қалған өнер мен өнеге үлгілерінің маржан сөздерін құлағына құйып, көңіліне

сендіре отырып бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділік пен ізеттілікке, баулып, адамдық қасиеттерді қалыптастыру. Балаларды халық дәстүрімен таныстыра отырып, кемеңгер Абай ақынның нақыл сөздерін балаларға айтып естеріне түсіремін.

Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол

Адам болам десеңіз

Өсек, өтірік, мақтаншақ.

Еріншек бекер мал шашпақ

Бес дұшпаның білсеңіз,- деп атамыз жаманнан алшақ, жақсыға жақын бол, деп бізге өсиет қалдырған екен деп балаларға нақыл сөздерін айтып отырамын. Баланың ең алдымен өз ана тілінде еркін, жүйелі сөйлей білуге үйрету туралы ойлары әрқашан басшылыққа алынып отырып, баланың сөздік қорын байыту, «іс –әрекеттерді білдіретін сөз тіркестерін айтуға, сөз тіркестерін орынды қолдана білуге, сонымен қатар ойды жалғастыра байланыстыра сөйлеуге назар аударылады.

Сабақтарды жоспарлаудан бұрын сабақтың мақсатын, көрнекілігін, әдіс тәсілдерін шығармаларда кездесетін сөз тіркестерін балаға қойылатын сұрақтары алдын ала даярланып алуы керек. Мысалы: тіл дамыту сабағын қолданылатын негізгі әдістерді алатын болсақ:

1. Берілген шығармалар туралы әңгімелер.

2. Балаларға түсінікті мәнерлі дауыс ырғағына келтіріп оқып беру.

3. Сабаққа атрибуттар қолдану.

4. Берілген шығармалар бойынша рөлдерге бөліп орындау

5. Әңгіменің, ертегінің, өлеңнің мазмұнын талдау, әдістері.

6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы мәліметтер беру; туған жерге, елдің әдет- ғұрпына деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу.

« Ертегілер елінде» топтамасының тақырыптарын өмірмен байланыстырып үйретеміз, баланың қиялына ерік береміз. Ертегі туралы өз ойын қиялдай отырып жеткізеді. Жаңылтпаштар кез- келген тақырыпта тіл ұстарту, сөздің дыбысталу нақышын дұрыс, тез, шебер айта білуге жаттықтырады. Айта алмайтын дыбыстарын тез айтуға жаттығады.

Бүгінгі таңда тіл туралы аз айтылып жатқан жоқ. Ана тілін қастерлеген адам өз халқының тарихын, жұмыс жағдайын, тыныс- тіршілігін жақсы біледі. Тіпті өмірде болып жатқан жаңалық та, басқа да өзгерістер біздің сана –сезімге өз деңгейінде келіп жетіп, жалғасын табады. Бала бойына Отанына деген сүйіспеншілік қасиет сәби шағынан бастап сіңеді. Тіліміздің құндылығы бала жүрегінде сақталады.

№ D00015 26.06.2021 ж

Дене тәрбиесі - салауатты өмір негізі

АЗЫРБАЙ ЖҰБАНДЫҚ ДӘУЛЕТҰЛЫ

*Маңғыстау облысы Қарақия ауданы Жетібай ауылы
«№8 жалпы білім беретін мектеп» КММ Дене шынықтыру пәні мұғалімі*

Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулыққа байланысты.

А.Шопенгауер

Бүкіл әлемдегі дәрігерлер мен педагогтар әлдеқашан ортақ пікірге келген еді: ұлт денсаулығын сақтап қалу үшін барлық күш жігерді біріктіру және оны балалар денсаулығын қорғауға бағыттау қажет.

XXI ғасыр—ақпараттардың аса молдығы бойынша бұрын-соңды болмаған ғасыр. Біз балаларға денсаулықты сақтау, түрлі аурулардың алдын-алу, салауатты өмір салты туралы көп айтып жүрміз. Ал, бұл мәселелерді шешу балалар денсаулығын сақтау, оның ішінде дене тәрбиесі, психологиялық тұрақтылықты арттыру, орынды тамақтану және көптеген басқа мәселелер бойынша маңызды жұмыстарды қажет етеді. Мектеп мұғалімінің алдында оқушыларға білім берумен қатар олардың дені сау, дене бітімінің дұрыс жетілуін қадағалау міндеті тұр. Бүгінгі алдымызда отырған оқушы -ертеңгі еліміздің экономикалық қуатын, мәдени және рухани байлығын жақсартуға ықпал ететін жеке тұлға.

Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі. Қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге деген белсенділігі мен ізгілікті қатынастарын дамытуға бағытталған.

Дене тәрбиесі-өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады. Жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Дене тәрбиесін ұйымдастыру түрлері оқушының өз бетінше ұйымдастырылған жұмыстарымен толықтырылған жағдайда нәтижелі болады.

Оқушының күнделікті қозғалыс тәртібін толықтыруға арналған жұмыс түрлері дене тәрбиесі жүйесінің элементтері есебінде болды:

- Таңертеңгі гимнастикалық жаттығулар. Күнде таңертеңгілік 9-10 жаттығудан тұратын кешен. Бұл оқушылардың орталық нерв жүйесін қалыпқа келтіріп, оқушы ағзасын сергітеді.
- Мектепке дейінгі және үйге қайтар жолдағы серуен. Таза ауада жаяу жүрудің өзі шынығу, сауықтыру әсерін тигізеді.
- Оқу сабақтарына дейінгі жаттығу. Сабақтағы нәтижелі іс-әрекет пен оқу күнін белсенді бастауға мүмкіндік туғызады.
- Дене тәрбиесі сабақтары. Бұл сабақтар мазмұны мемлекеттік талап пен оқу бағдарламасына сәйкес белгіленіп, оқушылардың күші мен жылдамдығын, ептілігі мен шыдамдылығын, ерік-жігерін, батылдық пен табандылықты және тез шешім қабылдау секілді тәрбиелік қасиеттерді дамытады.
- Сабақ үстінде сергіту минуттары. Ой еңбегі барысында ағзаның тынығуына әсерін тигізеді.
- Үлкен үзіліс кезіндегі дене жаттығулары мен қозғалмалы ойындар. Оқу күні ортасында оқушылардың белсенді демалысын қамтамасыз етеді.
- Спорттық үйірмелер, ұйымдар мен топтардағы жұмыс. Белгіленген спорт саласы бойынша оқушының жалпы және арнайы дайындығын көрсетіп, дене жаттығуларымен жүйелі айналысуды қамтамасыз етеді.
- Жалпы мектепшілік спорттық бұқаралық шаралар. Бұл жұмыс түріне денсаулық және спорт айлықтары, спорттық мерекелер, жалпы мектепшілік сайыстар жатады.

Бұл шаралар барлық оқушының спорт пен дене тәрбиесі жаттығуларына қызығушылығын туғызып, салауатты өмір салтының негізін қалайды.

- Өз бетінше дене жаттығуларымен айналысу. Бұл жұмыс түрі қозғалыс тәртібінің маңызды бөлігі. Кей жағдайда ең тиімді әдіс болып есептелінеді, себебі оқушының жеке тұлғалық қызығушылықтары мен қабілетіне, сұранысына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс өз нәтижесін береді.

Денсаулық-байлық қана емес, ол адам бақытының бастауы, тіршілік көзі. Ұлы ақын Абай данамызда «Денсаулық- терең бақыт» деген.

Ғылым мен техниканың күн санап қарыштап дамуы, экологиялық зардаптардың белең алуы, ой еңбегі мен дене еңбегінің ара қатынасының алшақтауы, әр-түрлі зиянды әдеттердің (шылым шегу, алкоголь ішімдігі, есірткі пайдалану т.б) пайда болуы секілді құбылыстарға қарсы, салауатты өмір салтын қалыптастыратын тегеурінді күш иесі-спорт. Спортпен шұғылданған баланың денсаулығы мықты, өзі әлді, төзімді, икемді, әрі нәтижелі болады. Еліміздің келешегін жалғастыратын жігерлі, білімді азамат болып шығады.

Салауатты өмір салтының насихатталуы, ауыл мектебіндегі спорттың өсуі, одан әрі өркендеуі, әлемдік деңгейге жетуі, кейінгі жастар үшін үлгі-өнеге болатыны үлкен дәлел.

№ D00016 26.06.2021 ж

Ойын арқылы таным үрдістерін, қол машықтарын дамыту

МАХАМБЕТОВА АСИЯ АМАНГАЛИЕВНА

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы Жетібай ауылы

«Жауқазын» бөбекжайы» МКҚК. Тәрбиеші

«Ойнай білмеген, ойлай да білмейді» Халық даналығы ХХІ - ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ойөрісі жоғары, жан- жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні - мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Отбасында ата-ананың ықыласы мен мейірімінен нәр алған бала балабақшада тәрбиешілердің шұғылалы шуағына бөленеді. Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне тәрбиешілердің маңызы зор.

Балаларды тәрбиелеуде ойын әдісінің маңызы көп. Мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым- қатынасы, мінез- құлық көріністері олар өсіп- есейгенде де жалғасы береді. Ойын барысында бала өзін қоршаған үлкендер сияқты, өзінің сүйікті әңгімелері мен кейіпкерлері сияқты өмір сүреді, әрекет жасайды. Ойынды қолданумен бірге ойлауға, тілді дамытуға, шығармашылық әрекетін байытуға бағыт алады.

Баланың ойын кезіндегі қимыл- қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, ал қарым- қатынастағы пайымдаулары өзіндік таным- түсінік, мінез- құлық әдептерін бекітуіне әсер етеді. Бала ойын арқылы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып, өзіне түрлі ақпараттар алады, дүние сырын ашады. Ойындардың негізгі мақсаты балалардың ықылас зейінін, сөздік қорын, байқампаздығын, есте сақтау, қабылдауын дамытуғы, икемділікті арттыруға, өзінің жеке құрбыларының ісәрекетін бағалай, құрметтей, өз ісінің дұрыстығын дәлелдей білуін анықтау, қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісітіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді. Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарымқатынас жасай білуге үйретеміз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің: — балалардың сөздік қорларын дамыту; — жаңа сөздерді меңгерту; — үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады. Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс.

Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің артуына жол ашады.

Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады. Тәрбиеші бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады.

Арнайы ойын-сабақ және сабақ мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Ойын ұйымдастыруда тәрбиеші өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады. Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

Міне, сондықтан да оқу-тәрбие үрдісінде әр түрлі ойындар арқылы баланы жан-жақты дамыту ісіне ерекше көңіл бөлеміз және бұл біздің ең негізгі алдымызға қойған мәселеміз. Сонымен, баланың сөздік қорын дамытумен қатар, тілін дамыту да ойын арқылы жүзеге асады.

Ойынның маңызы:

1. Ақыл-ойы дамиды, оқуға қызығушылығы белсенділігі, шығармашылығы, артады, тұлғалық қасиеттері қалыптасады.
2. Ойын түрінде оқыту жалықтырмайды, балалардың білімінің сапасын арттыруда, оқу іс-әрекетін қызықты өткізуге, тәрбиеші үшін тиімді.
3. Бала бойындағы жағымсыз қылықтарды, ойын арқылы тәрбиелейді.

Тәрбиешілерге балалардың есте сақтау қабілетін, қиялын, қабылдау қабілетін, зейін тұрақтандыруға, аңғарымпаздық қабілетін дамытуға арналған көмек құралы ретінде төмендегі ойындар топтамасын ұсынып отырмын.

1) Есте сақтау қабілетін дамытуға арналған ойындар Төрт құбылыс Балалар шеңбермен тұрады.

Жүргізуші «су» - десе қолдарын алдына созады, «ауа» десе жоғары көтереді, «от» дегенде екі қолын айналдырады, «жер» дегенде қолдарын түсіреді. Кім шатасса ойыннан шығарылады. Көңілді шеңбер Балалар шеңбер жасап отырады. Бір-біріне мұқият қарайды. Жүргізуші белгі бергенде балалар көздерін жұмады. Сол кезде жүргізуші отырған балаларға әр түрлі заттарды қыстырып қояды (гүл, орамал, көзілдірік т.с.с.). Балалар көздерін ашқанда не өзгерді? - деп сұрайды. Ең зейінді балаға сыйлық беруге болады. Орныңды тап Балалар шеңберге тұрады. Әр бала өзінің жанындағы баланы есінде сақтап, қарап алуы керек. Жүргізушінің бірінші белгісі бойынша, бөлменің жан-жағына тарап кетеді (белгі: шапалақтау, барабанмен беріледі).

Екінші белгі бойынша шеңберге бастапқыда қай орында, кімнің қасында тұрғанын есінде сақтап, қайта шеңбер түзеді. Өз орнын таппаған балалар ойыннан шығарылады. Ойыншықты сипатта Жүргізуші балаларға қолындағы ойыншықты мұқият қарап алуға ұсынады (1 минут).

Алынатын ойыншықтар түрлі-түсті және бөліктері бірнешеу болуы шарт. Ойыншықты жасырып, балалардан сол ойыншықты көргендегі түр-түсі, көлемі, пішіні, дене бөліктерін есінде сақтағанын сипаттап беруді талап етеді. Ойыншықты дәл, нақты сипаттап берген бала ойынды әрі қарай жалғастырады. Сөзді есінде сақта Жүргізуші балаларға 7 қосарлы сөздерді оқиды.

Балаларға мұқият тыңдау ұсынылады. Бірінші сөзді жүргізуші айтады, балалар келесі сөзді есінде сақтап қайталайды. Осылайша қалған сөздерді түгел айтып шығу керек. көктем - жаңбыр жаз - күн шықты аспан - бұлт жер - шөп
2) Қиялды дамытуға арналған ойындар Менің көңіл-күйім қандай Балалар өз көңіл-күйлеріне сәйкес келетін суретті тауып атайды (көңілді - көңілсіз, ренжулі, қорқынышты, ...т.с.с.). Сол кездегі өздерінің көңіл-күйлерін баяндайды. Басқа суреттегі көңіл-күйге сәйкес болған жайды әңгімелеп береді. Жалпы ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды.

Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады. Ойын-балалардың өмір танымының алғашқы қадамы.

Ойын, төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ізденімпаздылықты, іскерлікті, көп білуді қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық, тиімді әдістерінің бірі. Ойын тек баланың, дене күшін, қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке т.б. ғана тәрбиелеп қана қоймайды, оның ақыл-ойының толысуына, жан дүниесінің қалыптасуына, есейуіне де пайдасын тигізеді.

Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, танымдық қасиеттерін дамытады. Ойын - бала табиғатымен егіз. Өйткені бала ойынсыз өспейді, жан-жақты дамымайды, бала отбасымен және қоршаған ортамен тығыз араласа отырып, ана тілін үйренеді.

Ойын арқылы баланың болашаққа көзқарас қалыптасады.

№ D00017 26.06.2021 ж

Жарықтың шағылуы деген не?

АЗИЛХАНОВА РЫСГУЛЬ ЖАПАСОВНА

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы "Әлихан Бөкейхан атындағы №39 жалпы орта білім беретін мектеп" бастауыш сынып мұғалімі

<p>Пән: Жаратылыстану Орта мерзімді жоспар бөлімі: <u>Табиғат физикасы.</u> <u>Жарық, дыбыс, электрлік құбылыс, магниттік.</u> Күні: Сынып: 3-сынып</p>	<p>Мектеп: Мұғалімнің аты-жөні: Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:</p>
<p>Сабақ тақырыбы</p>	<p>Жарықтың шағылуы деген не?</p>
<p>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</p>	<p>3.5.2.2 денелердің жарықты шағылыстыру қасиетін түсіндіру 3.1.2.4 - жүргізілген эксперимент нәтижелерін құрылған жоспарға сәйкес диаграмма түрінде көрсету, қорытынды жасау</p>
<p>Сабақ мақсаттары</p>	<p>Барлық оқушылар: денелердің жарықты шағылыстыру қасиетін түсіндіреді. Көптеген оқушылар: түрлі заттардың жарықты қалай шағылдыратынын біледі. Кейбір оқушылар: жарықтың шағылуын адам қалай пайдаланатынын түсінеді.</p>
<p>Бағалау критерийлері</p>	<p>денелердің жарықты шағылыстыру қасиетін түсіндіреді. түрлі заттардың жарықты қалай шағылдыратынын біледі. жарықтың шағылуын адам қалай пайдаланатынын түсінеді.</p>
<p>Тілдік мақсаттар</p>	<p>Пәнге тән лексика мен терминология: Шағылу. Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:</p>

	Адам жарықтың шағылуын қалай пайдаланады? Қандай заттарда жарықтың шағылу қасиеті пайдаланылады?
Құндылықтарды дарыту	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
Пәнаралық байланыстар	Табиғат физикасы. Жарық, дыбыс, электрлік құбылыс, магниттілік туралы дүниетану пәнінен алған білімдерін қолданады.
АКТ қолдану дағдылары	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Бастапқы білім	Оқушылар табиғи және жасанды жарық көздері, дыбыс көздерін ажыратып, дыбыс қаттылығы бойынша дыбыс көздерін жіктей алады.
Сабақтың барысы	
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
Сабақтың басы	<p>Сергіту жаттығуы «Мен ақылды баламын» әр бала өздерінің жақсы қасиеттерін атап, қалай өсіп келе жатқандарын айтады. Мыс: Мен Балнұр, балдай тәтті үйдің еркесімін. Мен Асқар, барлығынан біліміммен барлығынан асып түссем деймін т.б.</p> <p>«Бір сөзбен» әдісі барысында оқушылар берілген сөздердің ішінен бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтын үш сөзді таңдайды. (қуаныш, немқұрайлылық, шабыт, зерігу, сенімсіздік, сенімділік, рахаттану, алаңдау)</p> <p>Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)</p> <ul style="list-style-type: none"> • Күшті қалай азайтуға болады? <p>ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау</p>
Сабақтың ортасы	<p>Ширату тапсырмасы.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Адам жарықтың шағылуын қалай пайдаланады? • Қандай заттарда жарықтың шағылу қасиеті

пайдаланылады?

Біз денелерді жарықтың шағылуының арқасында көреміз. Жарық сәулесі екі ортаның шегарасына түскен кезде, жарықтың бір бөлігі ортаның ішіне өтеді де, екінші бөлігі шағылады. Жарықтың шағылу заңы бойынша сәуленің түсу бұрышы шағылу бұрышына тең. Шағылудың екі түрі бар: айналық және шашыранды. Шашыранды шағылу – бұл жарықтың беті кедір-бұдыр заттардан шағылуы. Ақ парақтың бетіне түскен жарық осылай шағылады. Одан сәулелер әр түрлі бағытта шағылады. Айналық шағылу деп қандай да бір бетке түскен сәулелердің бір-біріне параллель шағылуын айтамыз. Мұндай шағылу беті тегіс жазықтықтарда болады. Калейдоскоптың болашақ үлгісі ежелгі Мысырда ойлап табылған. 1816 жылы шотландық физик Брюстер калейдоскопты ойлап тауып, патенттеді.

ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау.

Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда)

1-топ «Сары кәмпиттер»



2-топ «Көк кәмпиттер»




	<p>3-топ «Қызыл кәмпиттер»</p>  <p>Дескриптор: денелердің жарықты шағылыстыру қасиетін түсіндіреді. түрлі заттардың жарықты қалай шағылдыратынын біледі. жарықтың шағылуын адам қалай пайдаланатынын түсінеді.</p> <p>ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау</p>
<p>Сергіту сәті «Жақсылық тамшысы»</p>	<p>Әр бала тамшыға өзі жасаған жақсы істерін немесе өзінің бойындағы жақсы қасиеттерін стикерге жазып жеткізеді. Іліп жатқанда әрқайсысы өзгелерге, айналасына өзі жасаған жақсылықтарын, қасиеттерін жария етеді.</p>
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау» Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтың жұмысы қаралады.</p>  <p>(ҚБ) “Екі жұлдыз, бір тілек” әдісі. Рефлексия (жеке, жұпта, топта, ұжымда)</p>

Оқушыларға «Жұлдыздар шеруі» кері байланыс парағы таратылады. Оқушылар өздері белгілейді.		
Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?	Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары /оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?		
Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: 2: Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: 2: Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?		

Етістік

ЖУМАЖАНОВА ГУЛНУР КАБЫЛГАЗЫЕВНА

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы "Әлихан Бөкейхан атындағы № 39 жалпы орта білім беретін мектеп" бастауыш сынып мұғалімі

Педагогтің аты-жөні				
Күні:				
Сынып:	Қатысушылар саны:			
Сабақтың тақырыбы	Етістік 6-10 жаттығу			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	2.1.3.1 - күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу 2.2.4.1 - мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау.			
Сабақтың барысы.				
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	<p>Жаңа топ құру Психологиялық ахуал қалыптастыру. (Ұ) «Сәлемдесу» ойыны. Бір-біріне жақсы тілектер тілеп, ынтымақтастық атмосферасын құру. «Бастаймыз» деген белгі берілгенде, бір-бірімен тез-тез көзбен, қолмен, иықпен амандасу керек. Жұмыс ережесін келісу</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! 	<p>Психологиялық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.</p> <p>Оқушылар сұраққа жауап береді, жұмысты берілген түріне қарай</p>	 <p>ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау.</p>	<p>Психологиялық ахуал.</p> <p>Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары.</p>

	<ul style="list-style-type: none"> • Уақытты үнемдейміз! • Нақты, дәл жауап береміз! • Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! • Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! <p><u>Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)</u> Ережені еске түсіру Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау</p>	орындайды.		
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Ширату тапсырмасы.</p> <p><small>Туреттердің көмегімен ширату құрастырып жаз. Мәтіндегі +1 ді көрсеткен табиғатты ұйғарыммен оқытып беріңіз.</small></p>  <p><small>Туреттердің көмегімен жаз.</small></p> <p>Белсенді оқу тапсырмалары (топта, ұжымда)</p>	<p>Берілген сұраққа жауап беріп, тапсырмаларды талапқа сай орындайды.</p> <p>Белсенді оқу тапсырмалары (ұжымда)</p> <p>Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау</p>	<p>Формативті бағалау.</p> <p>ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.</p>	<p>Оқылым, жазылым тапсырмалары.</p>

	<p><u>Дескриптор:</u></p> <ul style="list-style-type: none"> • Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп, мәтінде жалпы не туралы айтылғанын түсінеді. • Диалогке қатысады; мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтай алады. • Өз ой қорытындысын оқулықтағы жаңа ақпаратпен салыстыра алады. Кез келген жағдайда өз көзқарасын білдіріп, ой қорыту жасай алады. <p><u>ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.</u></p>			
Соңы	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану <u>ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау.</u></p>	Оқулықтағы қосымша тапсырмалар.	<u>ҚБ:</u> <u>Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау.</u>	Топтық тапсырмалар.
Кері байланыс	<p>«Рефлексия» кері байланыс.</p>	Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, суретін жібереді.	«Рефлексия»	Кері байланыс тақтайшасы.

Сюжетті-рөлдік ойындардың маңызы

ХАМЗИНА БАКСУЛУ ЕРКИНОВНА

Ақтөбе қаласы №36 "Балақай" мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі

Ойын - бұл мектеп жасына дейінгі бала үшін өзін-өзі еркін сезінуді, заттарға, іс- әрекеттерге, қарым-қатынасқа бағыну сезімін қамтамасыз ететін, өзін «осында және қазірде» толығымен жүзеге асыруға, эмоционалды жайлылық жағдайына жетуге, теңдестірушілердің еркін қарым-қатынасына негізделген балалар шығармашылығына араласуға мүмкіндік беретін өзіндік құнды қызмет. Балаға арналған ойынның субъективті құндылығы мен оның объективті дамытушылық құндылығы үйлесімді ойынды балалардың өмірін ұйымдастырудың ең қолайлы формасына айналдырады, әсіресе мектепке дейінгі білім беру жағдайында.

Барлық уақытта ойын мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші әрекеті болды. Психологтар мен тәрбиешілер (Л.С. Выготский, Д.Б. Эльконин, А.П. Усова, Т.Е. Конникова, Д.В. Менджерицкая, Р.М. Римбург, Р.И. Жуковская, Т.А. Маркова, Н.Я. Михайленко, Р.А. Иванова және басқалар) мектепке дейінгі жасты ойын жасына жатқызды. Іс жүзінде балалар біраз уақытқа қалдырған барлық нәрсені ойын деп атайды. Зерттеушілер ойынның құндылығын атап өтіп, оның әлеуметтік мінез-құлқыты қалыптастырудағы маңыздылығын, адамның өзін-өзі растауы мен қарым-қатынас жағдайында оның мінез-құлқын болжау мүмкіндігін көрсетеді.

Баланың дамуын ойынсыз елестету мүмкін емес, ал рөлдік ойындар мектеп жасына дейінгі баланың негізгі қызметі болып табылады. Олар баланың ойдан шығарылған жағдайында кез-келген рөлдік әрекеттерді, оны қызықтыратын функцияларды жүзеге асыруға, түрлі оқиғаларға қосылуға мүмкіндік береді. Рөлдік ойын - бұл кішкентай адамның әлеммен алғашқы, саналы өзара әрекеті, онда бала жасаушы субъектінің жетекші рөлін атқарады, бұл оның өзін-өзі жүзеге асыруы мен өзін-өзі көрсету тәсілі. Онда бала өзі қалағандай болады, ойында бала өзі қалаған жерде болады, ол қызықты және тартымды оқиғалардың қатысушысы болып табылады.

Рөлдік ойындар баланың психикалық дамуында үлкен маңызға ие, олардың ерікті есте сақтау қабілетін дамытады. Ойынды жүргізу кезінде міндетті болып табылатын ережелер балаларды мінез-құлқын басқара білуге тәрбиелейді, олардың импульсивтілігін шектейді, сол арқылы мінездің қалыптасуына ықпал етеді.

Құрдастарымен бірлескен ойын кезінде балалар қарым-қатынас жасауға, басқалардың тілектері мен іс-әрекеттерін ескере білуге, өз пікірін қорғай білуге, өздігінен талап ете білуге, сонымен қатар жоспарларды бірлесіп құруға және жүзеге асыруға үйренеді.

Бала әр түрлі рөлдерді орындай отырып, әр түрлі қызмет түрлерін қамтуды бастайды, бұл баланың ойлау қабілетін дамытуға, басқа біреудің көзқарасын қабылдауға көмектеседі.

Рөлдік ойын ойнау, қандай да бір образға үйрену, бала алған әсерлерін жаңғыртады, қайта ойластырады және ашады. Ойын жағдайының ойдан шығарылатындығын түсінген балалар, дегенмен, шынайы сезімдер мен тәжірибелерді бастан өткереді және осылайша ішкі әлемін байытады.

Мектеп жасына дейінгі балалар бірге ойнағанды ұнатады. Алайда өмірлік тәжірибенің аздығы, адамгершілік сезімдерінің көрінуінде тұрақтылықтың болмауы, өз тілектерінен бас тарту қабілетінің жеткіліксіз дамығандығы кейде ойынның ыдырауына, қалыптасқан достық байланыстардың бұзылуына әкеледі. Біз ойынға басшылық жасай отырып, балаларға әр түрлі ұсыныстардың ішінен ең қызықтысын таңдауға көмектесіп қана қоймай, оларды бір-бірінің жоспарын құрметтеуге, жолдастарына мұқият болуға үйретуіміз керек.

Баланы өзі үшін өзі ойнағысы келетін құрдастарының рөлдеріне сәйкес келетін рөл таба білуге үйрету өте маңызды, бұл үшін баланы қабылданған рөлді жаңасына ауыстыруға үйрету қажет. Рөлдік ойынның анықтамаларын, оның ерекшелігін педагогика мен психология тұрғысынан зерттей келе, рөлдік ойын - бұл мектеп жасына дейінгі баланың іс-әрекетінің ең тартымды түрі деген қорытынды жасауға болады. Дәл осы рөлдік ойын балаға екі жағдайда - нақты және қиялда бір уақытта болуға мүмкіндік береді. Рөлдік ойын процесінде баланың ақыл-ой қабілеттерін ғана емес, зейінін, есте сақтауын, қиялын қамтитын білімді игерудің маңызды және күрделі процесі жүреді. Сюжетті-рөлді ойын картатекасы:

Картотека №1 «Киім дүкені»

Мақсаты: Ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету. әртүрлі киімдер түрлері әңгімелейді.



Сатушы туралы



Картотека №2 «Балабақша»
Мақсаты: Тәрбиеші балаларды қабылдап, таңертеңгілік жаттығуды өткізеді, ойнатады.

Картотека №3 «Зообақ»

Мақсаты: Балалар ата-аналарымен зообаққа келеді, әртүрлі жануарларды көреді, айткеншекте тебеді.



Картотека №4 «Шаштараз»

Мақсаты: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаш өрудің әр түрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу.



Картотека №6 «Құрылысшы»

Мақсаты: Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру. Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру.



Картотека №7 «Аурухана»

Мақсаты: Өздіктерінен рөл дерді бөле білуге үйрету. Қызығушылықтарын арттыру. Бір-біріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу.



Картотека №8 «Дүкен»

Мақсаты: Сатушының рөлін ойнай білу біліктілікке үйрету.

Картотека №9 «Дәрігер»

Мақсаты: Балалардың білім деңгейін, ойындарды ойната отырып, әрі қарай жан - жақты дамыту тіл, байлығын жетілдіру, сөздік қорын молайту. Үлкендер еңбегін құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. Балаларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, адалдыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеу.



Картотека №10 «Жолаушылар»

Мақсаты: Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру.

Жолғашыққандабалаларгажолжүруережесінтүсіндіру.

№ D00027 01.07.2021 ж

Взаимодействие воспитателя с родителями детей

КОПТЛЕУОВА АНАР АМАНГАЗИЕВА

г. Ақтобе ГККП ДО № 36 Балакай. Воспитатель

Педагогика должна стать наукой для всех — и для учителей, и для родителей. Какими бы прекрасными ни были наши дошкольные учреждения, самыми главными мастерами, формирующими разум, мысли детей, являются мать и отец. Поэтому нам, учителям, прежде всего, необходимо заботиться о повышении педагогической культуры родителей, разъяснять смысл воспитания и работать с ними в одном направлении. В. А. Сухомлинский

Мы, воспитатели, прекрасно понимаем, что родители доверили нам самое дорогое сокровище – своих детей, и наша обязанность – оправдать это доверие, а это возможно только при тесном сотрудничестве, общности дел, взаимопонимании всех сторон, к чему мы и стремимся.

Задача дошкольного учреждения – раскрыть перед родителями важные стороны психолого-педагогического развития ребёнка на каждой возрастной ступени дошкольного детства и порекомендовать соответствующие приёмы воспитания.

Всем известно, что взаимодействие педагогов детского сада с родителями – достаточно сложный процесс, и семья должна быть равноправной его стороной. Основную роль в работе с родителями практически во всех детских садах традиционно играют воспитатели. Они – главный источник информации о ребёнке, о деятельности учреждения, от них родители получают психолого-педагогическую информацию.

Таким образом, именно на нас лежит основная ответственность. Педагоги детского сада находятся в постоянном взаимодействии с родителями, составляя неразрывное триединство “ребёнок – родитель – педагог”, понимая, что домашняя среда имеет основное воспитание и формирующее значение. В условиях сотрудничества с семьёй, предполагающего взаимное уважение, понимание, доверие, достигаются желаемые результаты в процессе становления личности ребёнка. Основной целью взаимодействия является создание единого пространства “Семья – детский сад”, в котором всем участникам педагогического процесса (детям, родителям, воспитателям) будет уютно, интересно, безопасно, полезно, благополучно.

Воспитателей, приступающих к работе с новой группой детей, волнуют вопросы: как найти путь к сердцу родителей? Как сделать воспитание детей нашим общим делом?

Как и о чем вести разговор с родителями, когда они утром спешат на работу и когда уставшие возвращаются с работы? Как сделать, чтобы даже в такие минуты они охотно прислушивались к словам воспитателя, проявляли к ним интерес, чтобы изъявляли желание услышать, чем жил ребенок в детском саду, что нового узнал за день, как проявил себя? Такого контакта педагог может достичь, проявляя постоянную доброжелательность, заинтересованность в сотрудничестве с семьей. Общаясь с родителями, нужно помнить, что в общении существуют свои закономерности. Основа отношения к нам человека закладывается в первые 15 секунд! Для того, чтобы благополучно пройти через «минное поле» этих первых секунд, необходимо применить «Правило трех плюсов» (чтобы расположить к себе собеседника, нужно дать ему как минимум три психологических плюса. Самые универсальные – это:

Улыбка,

Имя собеседника

Комплимент.

Для того чтобы люди хотели с нами общаться, мы сами должны демонстрировать свою готовность общаться с ними. И собеседник должен это видеть. Необходима искренняя, доброжелательная улыбка!

Самыми распространёнными методами работы с родителями являются:

Наглядная информация для родителей

Беседы с родителями

Родительские собрания.

Большую роль в повышении педагогической культуры родителей играет наглядная информация, где родители получают консультации высококвалифицированных специалистов: логопеда и педагога – психолога медицинских работников, инструктора по физической культуре, музыкальных руководителей. С большим удовольствием родители рассматривают на выставке работы детей: рисунки, аппликации и т.д., а также фотографии из жизни детей в детском саду и различные подтверждения успехов детей (наклейки, картинки, звёздочки, пятёрки).

С первых дней мы стремимся узнать, как ребенок живет в семье, что его там окружает, что дает ему семья. В первые дни посещения детского сада мы начинаем знакомиться с условиями семейного воспитания каждого ребенка. В беседе с родителями педагог начинает о том, к какому режиму привык ребенок, какие игрушки есть у него и какие из них любимые, как он с ними играет. Воспитатель должен быть всегда с добрыми намереньями.

Родители должны видеть в воспитателе человека, который любит их ребенка, живет заботой о нем. Это вызывает у них откровенность, они доверительно о своих трудностях, просят совета.

Обычно родители, приходя вечером, чаще всего интересуются, как ел сегодня ребенок, оценивая осматривают его: чист, ухожен ли, не обижен ли. А затем торопливо покидают детский сад.

Как заинтересовать родителей жизнью детей в детском саду? Как показать необходимость придерживаться единого с детским садом подхода к воспитанию детей, особенно нравственному?

Прежде всего, в часы приема и ухода детей домой мы систематически стали делиться с родителями новостями о жизни их детей в детском саду: «Ваш сын научился завязывать шнурки. Теперь и дома ему понадобится ваша помощь»; «Влада старательно и аккуратно стала рисовать красками. Особенно ей нравится накладывать кистью узор на рисунок. Посмотрите, вот ее работы». Или «Ваш Артём уступил сегодня игрушку Арине. А в дверях пропустил девочек. Поддерживайте, пожалуйста, у него навык культурного поведения»; «Пожалуйста, приводите Лизу утром пораньше, чтобы она успевала на зарядку. Ведь это даст ей бодрость и здоровье».

Как сказать родителям об ошибках, неправильном поведении, чтобы не вызвать негативной реакции, чтобы они поняли: воспитатель делает это в интересах ребенка. Разговор с позиции интересов ребенка, как правило, вызывает у родителей нужную реакцию, беседа проходит в доброжелательном, деловом тоне. Никогда не позволяем себе делать замечания родителям в присутствии детей или обсуждать с детьми, почему мама или папа не выполнили нашего требования.

Постепенно у родителей появился интерес к содержанию жизни детей в детском саду, все чаще они останавливаются у стенда «Для вас, родители».

Серьезное внимание мы уделяем информационному материалу, особенно рубрике «О наших детях». Например, помещали такую информацию: «На этой неделе учили с детьми стихотворение А. Барто «Бычок». Все дети запомнили его. Громко, выразительно читают его Оля, Даша, Глеб, Максим. Попросите детей дома прочитать это стихотворение. Или «Посеяли с детьми горох, бобы. Все дети знают теперь, как сеять семена, чтобы из них выросли растения. Поддерживайте, пожалуйста, у детей интерес к труду на огороде, привлекайте к посильной работе».

Сплочению родителей и педагогов способствовало также совместное с родителями оформление групповых газет, фотоальбомов: «Вместе ходим в детский сад», «У нас в семье праздник». Очень интересный проект, созданный совместно с родителями, — групповой фотоальбом «Вот какие малыши, полюбуйтесь от души» о детях группы, в котором можно кроме фотографий детей представить зарисовки родителей, рассказы о детях, о семье, об общих делах и увлечениях.

Одной из форм традиционного взаимодействия с родителями являются родительские собрания, на которых обсуждаются вопросы питания, методы воспитания детей, требования к обустройству группы и т.д.. Обычно на собраниях часто говорит только воспитатель, а родители слушают и ждут окончания. Если у родителей и возникают вопросы, то обычно они касаются питания детей. Педагоги нашей группы решили в корне изменить этот стереотип и внести инновационные принципы в свою работу. Поэтому большое внимание уделяется подготовке к родительским собраниям. Заранее вывешивается объявление с просьбой к родителям продумать вопросы, на которые они хотели бы получить ответы, с кем из специалистов желали бы встретиться.

Родительские собрания проводятся за чаепитием. Большинство родителей приходят на такие встречи после трудового дня, и в такой неформальной, теплой, почти семейной обстановке люди чувствуют себя свободнее, легче делятся своими проблемами. Воспитатели детского сада к родительскому собранию пекут пироги, ставят на стол конфеты, чай. Родители бывают приятно удивлены, когда видят, что их ждут улыбающиеся, приветливые педагоги, но еще больше они поражаются накрытым столам! Так бывает на первом родительском собрании, а уж затем инициативные родители приносят сами что-нибудь к чаю. И всегда находится чья-либо бабушка или мама, которая печет пироги. Родители в непринужденной обстановке с увлечением и заинтересованностью обсуждают вопросы, которые ставит перед ними воспитатель. Многие мамы и папы, приводя в сад второго или третьего ребенка, с большим удовольствием делятся опытом по воспитанию детей. А если родители проявляют инициативу, это говорит о реальном их желании сотрудничать с педагогом.

При таком подходе родители стремятся к индивидуальным контактам с воспитателями, так как их интересуют вопросы, касающиеся формирования личности маленького ребенка, его внутреннего мира, отношений с родителями и окружающим миром. Родители с нетерпением ждут очередной встречи, спрашивают: «Когда будет собрание?» Подобные встречи нельзя назвать в традиционном смысле родительскими собраниями, так как это скорее встречи по интересам или родительский клуб, куда родители приходят с желанием поделиться своими мыслями, решить возникшие проблемы.

Очень важно проведение дней открытых дверей. Родители проявляют большой интерес к тому, как проводят время их малыши без мам и пап в детском саду, чем занимаются. Подготовка к этому дню ведется заранее: вывешивается объявление, в котором указывается время данного мероприятия, правила поведения для родителей, а также цели и содержание мероприятия.

Родители могут понаблюдать за своими детьми со стороны, оценить их поведение в ситуации, отличной от семейной, а также перенять у педагога приемы обучения и воспитательных воздействий.

Если кто-то из родителей не смог прийти на встречу, то есть возможность показать запись дня открытых дверей на видео, так как в группе всегда найдется родитель, имеющий видеокамеру. Это можно сделать, но с тем условием, чтобы в равной мере снимать всех детей. Кроме того, такая съемка дает возможность воспитателям сделать видеоархив. Так мама Тани, приходя в детский сад, видела, как с охотой и усердием ее дочь убирала игрушки в группе, что вызывало у нее недоумение: «А дома Таня ничего не хочет делать!» Мы посоветовали, прежде всего, быть настойчивой в своих требованиях, сначала совместно с дочерью убирать игрушки, затем поручать дочке самой, после занятий и игр ставить все на место, подчеркнув, как приятно смотреть на убранный уголок. Теперь Таня охотно и умело помогает маме убирать комнату. У девочки появилось желание «сделать как мама».

В нашей группе много детей, единственных в семье, и они, как правило, избалованы вниманием старших. Воспитанию у детей из таких семей внимательного, заботливого отношения к людям, способности к сопереживанию нужно уделять особое внимание.

София после поступления в сад очень долгое время не играла с детьми, никому не давала игрушек. Мама уделяла внимание главным образом тому, чтобы девочка была, как можно лучше одета, берегла свою одежду, игрушки. Разговор с родителями Софии мы начали, опираясь на положительное: отметили, что девочка всегда опрятна, бережно относится к своим вещам. Затем постарались убедить родителей, что неумение Софии общаться с детьми может отрицательно сказаться на формировании ее характера. Советовали поощрять игры Софии с другими детьми, желание делиться игрушками, давать простые трудовые поручения дома. Мама соглашалась с нами, но своего отношения к дочери не меняла. Перелом произошел, когда девочка дежурила в группе, а мама могла наблюдать за своей дочерью в детском коллективе длительное время.

В результате всей работы контакт с родителями у нас, можно сказать, налажился, а это надежная основа успешного решения задач воспитания. У родителей появилось доверие к нам, они идут в детский сад за помощью, делятся трудностями. Очень важно, что у родителей появляется интерес к жизни их детей в группе. Часто возникают дискуссии по инициативе родителей. Мамы и папы стремятся к индивидуальному общению с воспитателем, их начинают интересовать вопросы, касающиеся формирования личности малыша, его внутреннего мира, отношений с окружающими. Иногда родители признают ошибочность некоторых своих методов воспитания.

Тәрбиеші болу – бақыт!

КЕНЖЕБАЕВА ГУЛНУР

Ақтөбе қаласы № 36 "Балақай" мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі

«Ел есінде бір жыл қалғың келсе - ас бер, он жыл қалғың келсе - ағаш отырғыз, ал мәңгі қалғың келсе - бала тәрбиеле» дейді халық даналығы. Өскелең ұрпаққа тәлімді тәрбие сіңіру, болашаққа жарқын бағыт-бағдар беру, келешекке кемел боларлық ақыл-парасат меңгерту аса жауапты іс екені мәлім. Сондықтан да жауапкершілік жүгі ауыр осынау қажырлы іске бой ұрған әрбір маман қоғам арасында үлкен құрметке ие болатындай дәрежеге ие. Мен үшін де осынау өмірімдегі ең қастерлі әрі қасиетті мамандық ол – тәрбиешілік. «Жол таңдауда жалтаңдауға болмайды» дегендей, әу баста ұлтымыздың, тәуелсіз еліміздің ертеңі боларлық бүлдіршіндерді тәрбиелеу жолын таңдағаным еш өкінбеймін. Керісінше, ауыртпалығы мен жауаптылығы қыры қатаңға жүк боларлық осы кәсіпті таңдау арқылы қоғамдық дамуға өлшеусіз үлес қосып келе жатқанымды мақтан етемін. Адам баласының өмірінде болуға тиіс бақыттың бірі не десек, ол – өз қалауыңмен таңдаған кәсіп-мамандығыңа деген салиқалы ынтызарлық әрі ыстық ықылас дер едім. Өз еңбегіне жан-тәні мен берілген жанғана өмірдің мән-мағынасын, қоғамдық ортадағы жауапкершілікті, тұтастай ұлттың ертеңіне қоса алар өзіндік үлесін тереңнен салмақтай алса керек. Бір сөзбен айтқанда, өмірдің мәні адал...

Көрнекті тұлға Ахмет Байтұрсынұлы: «Балам дейтін ел болмаса, елім дейтін бала қайдан болсын» деген екен. Балабақша тәрбиешілері қай кезеңде болсын ертеңгі елім деп еңірейтін ұрпақты тәрбиелеуге тер төгуде. Бұл жолда үлкен ізденіс, парасат қажет. Ендеше, тәрбиешінің әр күні ізденіспен, ертеңгі азаматты қалыптастыру жауапкершілігі мен ұштасып жатады. Тәуелсіз елдің жас ұрпағын лайықты түрде тәрбиелеу – біздерге артылған аса жоғары міндет. Осы міндетті орындау үшін әрбір тәрбиеші жанын салады. Ендеше, олардың әрқайсысының еңбегі қашанда құрметке лайық деп білемін.

Педагог К.Гельвеций: «Тәрбиеші – балаларға ересек әлемге есік ашатын сиқыршы. Тәрбиешінің білімі мен біліктілігіне тәрбиеленушілерінің болашағы тәуелді», деген екен бір сөзінде.

ТӘРБИЕШІ! Бұл әрдайым үлкен әріптермен жазылуға тиіс мазмұнды сөз деп танымын. Өйткені, біз елдің ертеңгі азаматтарын тәрбиелеудеміз. Өйткені, біз жас ұрпаққа қазыналы да бай ана тілі – қазақ тілін сіңірудеміз. Тіл арқылы бала бойына ұлттық құндылықтарды, дәстүр мен салтты, ұлтымызға тән ізгіліктерді, жалпы адамзатқа ортақ өркениеттік ұстанымдарды жұғысты

етудеміз. Даңқты қаһарман Бауыржан Момышұлы: «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана тілімізді ұмыту бүкіл ата-бабамызды, бар тарихымызды ұмыту» деп ескерткен болатын. Біз осынау қауіптің болмауына бас-көз болып, тіліміздің, діліміздің жас ұрпақ бойына бай әрі қазыналы қалпында сіңірілуіне күш салудамыз.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы Абай атамыз айтқандай, менің де осынау қастерлі мамандықтың иесі атанғанымға сегіз жарым жыл болған екен. Қиындығы мен қызығы, ауартпалығы мен жауапкершілігі қатар жүретін осы еңбектің жолындағы педагогикалық ұстанымым – үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр тәрбиеленушімнің бойынан жылт еткен жақсылықты, талап пен талантты тауып, бұлақтың көзін ашу, биікке жетелеу, сондай ізденістер арқылы биік мақсаттарды орындау. Тәрбиеші болу – әр балаға екінші ана болуға пара пар еңбек. Анадай мейірім мен қамқорлық таныту, аялы сөздер мен ілтипат білдіріп, ізгіліктерге бағыттау біздің күнделікті еңбегімізде өріліп жатыр. Сондықтан да бұл іс екінің бірінің қолынан келе бермейді. Өйткені, бұл – бала жанын тереңнен сезінетін, өз ісін жан-жақты білетін, бүлдіршіндерді жан-тәнімен сүйе алатын, оларды бағалай білетін нағыз маманның қолынан ғана келетін жұмыс. Ұлы педагог Г.Песталоцци: «Егер де сүйе білмесең, тәрбиелеу құқығы жоқ», деген екен.

Ал В.Сухомлинский: «Баланың шығармашылық қабілеті мен дарынының бастауы саусақ ұштарында», дейді. Тәрбиешілік жолдағы басты мақсатым мектеп жасына дейінгі балалардың конструкторлық, танымдық, шығармашылық, іскерлік қабілеттерін дамыту.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту еңбекке деген рухани адамгершіліктің қалыптасуына серпін беріп, негіз болады. Бірақ бұл қажеттілік балаға күш салмай іске асуы мүмкін емес, сондықтан оны еңбек сүйгіштікке, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, дербестікке, белсенділікке және өз еңбегімен айналасындағыларға қуаныш сыйлауға талпынуына тәрбиелеу қажет.

Халқымызда «Жаскелсе - іске» деген керемет сөз бар. Демек, мен бойымдағы жастық жігерімді, күш-қуатымды, жаңашылдығымды талапты әрі таланты шәкірт тәрбиелеуге жұмсауым керек. Болашақта өз тәрбиеленушілерімді биік белестерден көріп жатсам, сол үшін өзімнің аз да болса үлесім тиіп жатса, мен өзімді бақытты тәрбиеші-ұстаз, бақытты жанмын деп білемін. Мұндай қағидалардың барлығы біздің күнделікті жұмысымызда басшылыққа алынуға тиіс екенін ұмытпай, еңбегімізді осы бағытта құрамыз. тәрбиешілік еңбекте жүріп түйгенім – тәрбиешілік еңбекке мен басы бүтін бой ұсынып, әбден қалыптастым. Бүгінде балаларға мейірім төге отырып, биік белестерге жетуіне жауапты екенімді ешуақытта естен шығармаймын.

№ D00023 01.07.2021 ж

Балалардың ойын дамыту

КОЗБАГАРОВА ГУЛБАГДАТ БУРКИТАЛИКЫЗЫ

Ақтөбе қаласы № 36 "Балақай" мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі

Ойын - мектеп жасына дейінгі кезеңде басталып, адаммен өмір бойы ілесіп жүретін ерекше қызмет түрі. Адамзаттың тарихи даму барысында баланың жеке басын қалыптастыруда ойынның үлкен мәні бар. Балалар оның көмегімен, ортамен өзара байланыс жасау тәжірибесін меңгереді, адамзаттың ғасырлар бойы қалыптасқан моральдық нормаларын, практикалық және ақыл-ой қызметінің тәсілдерін игереді. Ойын баланың психикасында сапалы өзгерістер тудырады: бала зейінінің, жадының қалыптасуына, ойлау, қиялдау қабілетінің дамуына әсер етеді. Балалардың үлкендермен қатар өмір сүруге ұмтылуын бірлесе еңбек ету арқылы ғана қанағаттандыру мүмкін емес, бұл қажеттілікті олар ойын үстінде ғана қанағаттандыра алады.

Өйткені олар ойын арқылы ересектердің рөліне ене отырып, еңбекке араласып қана қоймай, сонымен бірге әлеуметтік өзара қарым-қатынастарға түседі. Баланың бірінші әрекеті ойын, сондықтан да оның мәнісі ерекше. Ойын адамның өмірге қадам басардағы алғашқы адымы. Қазақ халқының «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?»-деп айтқанындай баланың өмірінде ойын ерекше орын алатындығын айтқан болатынбыз. Жас баланың өмірді танып, еңбекке деген қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Ойын кезінде шартты түрде мақсат қойылады, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекет бала үшін қызықты. Ойын балаларға ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі деуге болады. Балалар ойын барысында:

- Өзін еркін сезінеді;
- Ізденімпаздық, тапқырлық әрекет байқалады;
- Сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау, зейін қою секілді түрлі психологиялық түйсікпен сезім әлеміне сүңгиді.

Ойын кезінде баланың психологиялық ерекшелігі мынадан көрінеді:

1. Ойланады;
2. Эмоциялық әсері ұшқындалады, белсенділігі артады, ерік-қасиеті, қиял-елестері дамиды, баланың шыңармашылық қабілеті мен дарыны ұшталады. Ойын үстінде бала бейне бір өмірдің өзіндегідей қуаныш, реніш сезімінде болады.

Ойын туралы тұжырым:

- а) ойын-тәрбие құралы, ақыл-ойды кеңейтеді, тілді ұстартады, сезімді шыңдайды

ә) ерік пен мінез қасиетін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.

б) ұжымдық сезімі қалыптасады

в) эстетикалық тәрбие беру құралы

е) еңбек тәрбиесін беру міндеттерін шешуге көмектеседі

д) бір-бірінен ептілікті үйренеді, өзінің денесін шынықтырады.

Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып, жақсы қарым-қатынас жасайды, сол қарым-қатынас барысында:

1. Адамдар іс-әрекеттің жақсы жақтарын аңғарады, жағымды ойындарды үйренеді

2. Жанындағы адамдарды ұнатып, жақсы көре біледі

3. Бір-біріне көмектесе біледі, жанашырлық сезімі оянады, қамқорлық жасай біледі

4. Кешірімді болуға, өзгені ренжітпеуге тырысады.

Ойынға басшылық жасау барысында бұйыруға болмайды. Егерде баланың эмоциясына, қиялына әсер ету арқылы олардың қызығушылығын арттыра түссек, онда баланың құштарлығы өсіп, ойынға құмарта түседі. Балалар ойынында кейде өлең, тақпақтар жиі кездеседі. Осы өлең –тақпақтардың негізгі мақсаты-тапқырлыққа, шапшаңдыққа, ептілікке баулу, қиялына қанат беріп, ойын ұштау.

Ойын-тіршілік нышаны, еңбекке бейімделудің белгісі, денені шынықтыру мен сергітудің құралы. Қазақ халқы «ойын баласы» деп жас баланың ойнауына мүмкіндік туғызып отырған. Ойынның түрлері өте көп. Әрбір ойынның тәрбиелік мақсаттары болады. Мысалы: «асық» ойыны бағдарлыққа, дәлдікке, мергендікке үйретсе, доп ойыны бүкіл дененің тұтас қимылдап шынығуына себепші болады. Ойнаудың түрлерін қауымдасып ойнау, одақтасып ойнау, жеке ойнау деп, ал мазмұнына қарай тұрмыстық ойындар, шынығу ойындары, кәсіптік ойындар, спорттық ойындар деп топтастыруға болады. Қауымдасып ойнаған балалар бүкіл бір ұйымның не ұжымның көлемінде жалпылай ойынға қатысады: мқз айдынында коньки тебу, жалпы жарысқа қатысу, әсіресе одақтасып ойнау кезінде әдептілікпен қатар әділеттілік қажет болады. Жеке ойнау кезінде басқаларға кедергі жасамайтындай әдепті әрекет жасау қажет. Әрине ойын болған соң, шаттану да қажет, бірақ шаттанудың жөні осы екен деп, орынсыз айғайлау, шыңғыру әдепсіздік.

Қарға тамырлы қазағымыздың «Ақсерек-Көксерек», «Ақсүйек», «Орамал тастамақ», «Шілік», «Арқан тарту», «Аударыспақ» сияқты ұлттық ойындары қайрат-жігерді, байқампаздық пен сезімталдықты, «Тоғыз құмалақ» ойыны ойлау қабілетін арттырады. «Бірінші байлық-денсаулық»- дейді халық, ал ойын денсаулықты арттырады. Қазіргі таңда ойынды еңбекпен ұштастырып ұйымдастыру тәсілдері қолданыла бастады.

Мысалы: әртістік ойын және әр түрлі кәсіптің сипатын көрсететін «құрылысшы», «дастархан мәзірі» үй тапсырмасына байланысты «қуыршақтық қойылымдар» т.б. ойындар баланы әрі ойнап, әрі кәсіпке үйретіп, әрі пайдалы нәтиже шығаруға баулиды. «Әлсіз денеге ауру ұялайды» деген дана халқымыз. Ертеңмен тұрып шынығу, сергу-ойынның бастама негізі. Ойындарды еріккеннің ермегі деп түсінуге болмайды. Жұмысы жоқтықтан тұмаған. Әр ойынның өзіндік мақсаты, маңызы бар. Олардың көбісі адамның денесін шынықтырып, буынын бекітуге, шапшаңдыққа, алғырлыққа, жүректілікке баулыса, кейбіреулері тіл сындыруға, өзін қоршаған табиғатты тануға, тапқырлыққа баулиды. Ел арасында ең көп жайылған әйкөл, қашпа доп, ақ сүйек, айгөйлек, ақсерек-көксерек сияқты ойындарда халықтың дене тәрбиесінің негізі жатыр. Сондықтан да көптеген ойындарға мазмұны мен жаңа форма беруге атсалысып, халқымыздың ертеден келе жатқан осы қазынасын баға жетпес байлығымызға айналдыруымыз керек. Қазақтың ұлттық ойындарын түр сипаттарымен мазмұндарына қарай былайша төртке бөлуге болады:

2. Балаларға арналған ойындар
3. Жасөспірімдерге арналған ойындар
4. Бозбалалар мен бойжеткендерге арналған ойындар
5. Үлкен-кішіге бірдей ойындар

«Балалықтың жанына ойын- азық» деп Сұлтанмахмұт Торайғыров атамыз айтпақшы балалар үшін ойын үлкен талқы. Түрлі ойындар кезінде олардың дүниетанымы кеңейіп, мінездері қалыптасады. Туған халқының әдет-ғұрпымен, жақсы дәстүрімен танысады. Рухани тәрбие дегеніміздің өзі де кейбір ұлттық ерекшеліктерді, ана тілін, туған халқының ауыз әдебиетін білуден басталады емес пе?

Ойнайық деп айту өте оңай. Оны қызықты өткізу үшін ғасырлар бойы халық талқысынан өткен ойындардың тәртібін біліп, мазмұнын, мақсатын түсіну қажет.

«Ойын-өсіп келе жатқан бала организмінің қажеті», ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдай түседі, көзі қырағыланады, тапқырлығы, ынтасы артып жетіле түседі. Ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдысы қалыптасып шыңдалады, ұстамдылығы мен жағдайларды салыстырып бағдарлау іскерлігі жетіле түседі. Әр түрлі қимылдарға негізделген бұл ойындар өсіп келе жатқан организмінің белсенді әрекеттерге деген қажетін мейлінше толық қанағаттандырады. Қимылды ойындардың айрықша бағалануы балалардың жалпы қимылының жетіле түсетіндігінде. Мұндай жағдайда балалардың түрлі топтағы бұлшық еттері бірдей қызмет етеді де, соның нәтижесінде олар бір қалыпты жетіледі. Алайда қимылдық ойындардың маңызы тек мазмұнымен ғана шектелмейді, олар сондай-ақ балалардың жан-жақты өсіп-жетілуінде үлкен рөл атқарады. Қимылды ойындарда балалар тек

жүгірумен ғана тынбайды, біреулерді қуалап жетеді немесе өзін ұстағысы келіп, біреулерден қашып құтылады; ол жай ғана секірмейді, қоянды немесе торғайды бейнелейді. Олар ойнайды, ал сол ойынның процесінде олардың қандай да болмасын бұлшық еттерінің белгілі бір топтары шыныға, жаттыға түседі. Ойынның бұл ерекшелігін П. Ф. Лесгафт жоғары бағалаған. Ол ойындардың жаттығулардан артықшылығын атап көрсетіп, ол ойындардың мектепке дейінгі жастағы балалардың ойын образдарының, сюжеттерінің бала қиялына жақындығынан, сондай-ақ оларда қалыптасқан қоғамдық бастаманың болуы салдарынан деп қарап, оларды балаларға түсінікті де, қолдарынан келетін нәрсе деп есептеген. Сонымен қатар зор тәрбиелік, білімділік күшін көре білді, оны жекелеген гимнастикалық жаттығуларға қарағанда, одан жоғарырақ тұратын күрделі әрекет, баланың жеке басын тәрбиелеудегі ең жақсы құрал деп санады. Ол баланың ойын үстінде сергек те ширақ болатынын, сезімтал келетінін, бар ынтасымен ойынға беріліп кететінін атап көрсетті. Қимылдық ойындар зеректілікке, байқағыштыққа, зейінділікке, қиялдауға, дұрыс сезімдердің дамуын тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды. Бала өзінің тең құрбыларының арасында өзін олармен тең сезінуге тиіс. Ойындағы белсенді әрекет балалардың өз күшіне сенбеушілікті, ұялшақтықты, жасқаншақтықты болдырмайды.

Ойын міндеті ойынның барысында шешіледі, бірақ кейде ол негізгі мақсат болуы да мүмкін ондай жағдайда тәрбиеші ойынды зор тиімділікпен жүзеге асыру үшін оны таңдайды. Қимылды ойындарды пайдаланған кезде дидактикалық принциптерді: қолайлылықты, жүйелілікті, бірізділікті, белсенділікті, парасаттылықты және басқаларды сақтау қажет. Ойын барысында немқұрайлылыққа жол бермеу керек, бұл балалардың қимылды ойындарға қызығушылығын төмендетудің негізгі бір себебі болып табылады. Тәрбиешілер ойынды көңілді де қызықты ұйымдастырып, балалар «ойынды» үлкен адам «жүргізгенін» сезбейтіндей, шын мәнісінде олармен бірге ойнаған, олардың табысына қуанған, ал сәтсіздікке олармен бірге өкінген жағдайда ғана тіпті сәбилер тобындағы балалардың өзі сүйіп ойнайтын ойындар да пайда бола бастайды.

№ D00024 01.07.2021 ж

Ойын және музыка

ТАҢЖАРЫҚОВА МӨЛДІР ТАҢЖАРЫҚҚЫЗЫ

Ақтөбе қаласы № 36 "Балақай" мектепке дейінгі ұйым. Музыка жетекшісі

Мақсаты: Баламен музыкалық ойын ойнау, эмоциялық қалпын көтеру. Емдік әуендерді тыңдау арқылы қабылдау мен зейінді дамыту. А.Моцарт «Маленькая серенада»

Әдіс-тәсілдері: әңгімелесу, түсіндіру, дамыта – түзету, қайталау.

Көрнекі-құралдар: күйсандық, ұнтаспа, слайд, дыбыс шығаратын ойыншықтар. А. Моцарт «Маленькая серенада» шығармасын тыңдау.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:

-баланың зейінін сабаққа аудару, оқу құралдарын жинақтау, ой қозғау (көрнекіліктер арқылы). Баланы психологиялық жағынан сабаққа дайындау.

II. Негізгі бөлім: Психожаттығу:

-Қорбандап жүрген аюдың жүрісін салайықшы.

-Қорқып қашып бара жатырған қоянды саламыз

III. Жаңа сабақ. Бүгінгі сабақта күз мезгілімен танысамыз. Музыка балаға оның ерте даму кезеңдерінен бастап әсер етеді. Тұлғаның дамуы мен қалыптасуының басты ірге тасы балалық шақта қаланатындығын естен шығармау керек, ал музыка дамуы жеделдетуші жақсы құрал болып табылады. Баланы музыкалық дамыту табиғи түрде және мәжбүрсіз жүзеге асырылуы керек, яғни ойын формасында. Балалардың өзіндік музыкалық қызметін дамытудың маңызды құралдарының бірі - музыкалық дидактикалық ойындар болып табылады.

«Үнінен таны» ойыны.

Ойын материалы: Дабыл, сылдырмақ, дыбыс шығаратын ойыншықтыр, т.б.

Ойын шарты: Музыкалық жетекші аспаптардың бірімен ойнайды. Балалар тыңдайды және музыкалық аспаптың атын атайды, билейді. Осыдан кейін атауын тапқан музыкалық аспаптарда өз бетімен ойнайды.

Ойын барысы.

Музыка! Музыка!

Бұл не екен өзі?

Мүмкін бұл,

Көгілдір аспан шығар!

Мүмкін бұл,

Таңғы арай шығар?

Ал, мүмкін, музыка –
Тек қана дыбыстар шығар!
Тек қана дыбыстар шығар!



II апта

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі: : баланың зейінін сабаққа аудару, оқу құралдарын жинақтау, ой қозғау (көрнекіліктер арқылы).

Релаксация.

Әуенді тыңдау арқылы бір сәт баланы демалдыру, тыныштандыру.

Көзін жұмып, жәй әуен тыңдату.

«Музыкалық моншақтар» ойыны.

Ойын материалы: Түрлі – түсті картоннан жасалынған моншақтар.

Ойын барысы: Ойын балаларды қысқа және ұзақ дыбыстармен таныстыру үшін қолданылады. Музыкалық жетекші шағын әнді немесе әуенді ойнайды, ол ойнатылғанда әуеннің ритмитикалық суреті анық естілуі тиіс және музыкадағы ұзақ және қысқа дыбыстарды табу керек. Бұл дыбыстарды үлкен және кіші моншақтардың көмегімен бейнелеуге болады. Үлкен моншақтар – бұл ұзақ дыбыстар, кіші моншақтар – қысқа дыбыстар.

**Ойын технологиясын қолдану арқылы
балалардың сөйлеу тілін дамыту**

АМАНШЕЕВА БИБАЖАР ТАМАБАЕВНА

Ақтөбе қаласы №36"Балақай" мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі

«Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін емес»

В.А.Сухомлинский

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың бірі – ойын технологиясының қолдану арқылы балалардың сөйлеу тілін дамыту жұмысының арқауы болып отыр.

Ойын технологиясы дегеніміз- педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны. Ойын- оқу үрдісіндегі оқытудың әр формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория.

Н.Крупская.

Ойын арқылы оқыту технологиясын қолдану ұйымдастырылған оқу қызметінде пайдалану – өмір талабы. Сондықтан да оқыту үрдісінде қойылатын қазіргі талаптар тәрбиешіден үлкен ізденіс пен шеберлікті қажет етеді. Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты: дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын- балалар үшін оқу да, еңбек те. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездесетін қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады. Ойын арқылы оқыту технологиясын қолдану ұйымдастырылған оқу қызметін оқытуда тәрбиеші мен балалар арасындағы жаңа қарым-қатынас қалыптастырып, балалардың берілген тапсырмаларды талдауына, салыстыруына, өз беттерінше әрекет етулеріне, яғни ой еркіндігіне зор маңыз береді. Сөйтіп, балалардың зейін қойып ойлауы мен тапқырлығына мүмкіншілік туғызып, ойларын одан әрі дамытуларына жол ашады. Бүгінгі бала - ертеңгі жаңа әлем. Сондықтан оған жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім стандарты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл тәсілдерін пайдалануға мүмкіндік береді.

Зерттеуші ғалым Ф. Янушкевич «Жаңа технологиялық сабақ педагогтың өз тәжірибесін жаңғыртуға емес, баланың пайдасына, қажеттілігіне арналуы қажет, сонда ғана сапалы нәтиже болады»-деген.

Менің де тәрбиеші ретінде алға қойған мақсатым – балаларға ұлттық педагогикалық тәрбие мен білім берумен қатар, олардың шығармашылық ойлау ,сөйлеу қабілеттерін арттыру. Сол себепті ұйымдастырылған оқу қызметін идеялық жағынан ғылыми негізде өмірмен байланысты ұйымдастырып, баланың қызығуын, құштарлығын танытуға бағыттаймын. Соңғы кездері өз тәжірибемде ойын технологиясының элементтерін қолданып келемін. Әр ұйымдастырылған оқу қызметінде ойын технологиясының элементтері балаларды ойлануға, өздігінен ізденіс жасауға, ойнай отырып, сөздік қорын молайтуға мүмкіндік береді.

Тиімді қолданылған ойын түрлері тәрбиешінің түсіндіріп отырған материалын балалардың зор ынтамен тыңдап, толық меңгеруіне көмектеседі. Өйткені, балалардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауып отырады.

Қызықты ойын түрінен кейін олар тез сергіп, тапсырманы ықыласпен орындайды.Ойын арқылы баланың бойына адамдық қасиеттермен қатар білімге, өнерге құштарлығы қалыптасады. Ойын – бұл баланың өзінше еңбегі.

Жалпы өмірде ойынның да қоғамдық мәні бар. Ойын барысында белгілі бір әрекет жасай отырып, бүлдіршін қоғамдық өмірге қатысудың алғашқы үлгісін алады, ересектермен арадағы қарым-қатынастың байланысын түсінеді.

Бала ойын арқылы өзі өмір сүріп отырған, белгілі бір әлеуметтік ортадағы норма мен әрекетті қабылдайды. Ойын ұстамдылық тәртіптің көрінісі болып табылады. Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамыту құралы да, балада оқу мен білімнің, тәрбиенің негізін қалыптастыратын да – ойын әрекеті болып саналады .

Орыс педагогы В.А.Сухомлинский: «Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін де емес» - десе, ғалым Е.А.Покровский өзінің балалардың ойындарына арнаған еңбегінде әрбір халықтың ойын туралы түсінігіне сипаттама береді. Ойын – таным процесін дамытудың негізі болғандықтан, мен – оқыту мен тәрбие берудің мазмұнын үнемі ойын элементтерімен толықтырып отырамын. Баланың ойынында да белгілі бір дәрежеде тиісті жұмыстағыдай жауапкершілік болуға тиіс. Олардың негізгі айырмашылығы тек мынада: баланың ойыны нақты материалдық, рухани байлықты көздемейді, ал жұмыс ондай игілікті өндірудің негізгі жолы екені айқын.

Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды.

Ойын арқылы бала тілін дамыту Ойын балалар үшін айналадағыны танып білу тәсілі.

Ойынның негізгі ерекшелігі - балалар үн-түнсіз ойнамайды. Тіпті бала жалғыз болғанның өзінде де сөйлесіп жүреді. Ойын процесінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, әсер алысып, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды.

Ойынның негізгі құрылымдық элементтері мыналар: ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын ережесі. Ойынның түпкі ниеті - бұл балалардың нені және қалай ойнайтынының жалпы анықтамасы. Мысалы: «Дүкен», «Аурухана», «Ұшқыштар», «Отбасы», «Балалар бақшасы» және т.с.с болып ойнайды.

Ойын сонымен бірге сабақ кезіндегі оқытумен де тығыз байланысты. Ойын ешқашанда өзінің қызықтылығын жоғалтпайды, тек оның мазмұны, сипаты өзгереді. Ойындар мазмұнына қарай, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті - рольді, драматизиялық, дидактикалық құрылыс ойындары, қимылды ойындар, ұлттық ойындар болып бөлінеді.

Сюжетті рольді ойындар - мектепке дейінгі балаларға тән, ең сипатты ойындар болып табылады. Ол балалар өмірінде елеулі орын алады. Сюжетті - рольді ойындарының ерекшелігі сол, оны балалардың өздері жасайды. Ойынның дербес әрекеті айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады.

Бұл ойындар ұзақ та қысқа да болуы мүмкін. Сюжетті - рольді ойында бейнелеу құралы роль мен ойын әрекеттері болып табылады. Мысалы: «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы мен сатып алушының әрекеттеріне, ал «Аурухана» ойынын ойнағанда дәрігер мен науқастың әрекеттеріне еліктейді.

Драматизиялық ойындарда мазмұн, рольдер, ойын әрекеттері қандай да бір әдеби шығарманың, ертегінің т.б. сюжетті мен мазмұнына сәйкес болады. Ол сюжетті - рольді ойынға ұқсас. Драматизия ойынында балаға қандай болсын айқын тәсіл көрсетпеу керек ол үшін ойынның шын мәнінде ойын болғаны дұрыс.

Құрылыс ойыны - балалар әрекетінің бір түрі. Оның негізгі мазмұны қоршаған өмірді алуан түрлі құрылыстарды және соларға байланысты іс - әрекеттерді бейнелеу болып табылады. Құрылыс ойыны бір жағынан сюжетті - рольді: ойынға ұқсас келеді, және соның бір түрі деп қаралады.

Олардың қайнар көзі біреу - қоршаған өмір. Балалар ойын үстінде кетрлер, стадиондар, театрлар, цирктер т. б. ірі құрылыстар салады. Дидактикалық ойын формасы кішкене балаларға мейлінше тең оқыту формасы болып табылады. Ойын ой мен қимылды ұштастыру негізінде жүргізу керек, Мысалы: «Сиқырлы қақпаның сырын ашайық» деген ойында балаларды зат туралы айта білуге үйрету, олардың жүйелі сөйлеу қабілетін дамыту міндетін алға қоядым.

Ойын міндеті қақпақтың астында не бар екенін білу.

Дидактикалық ойынның нәтижесіне қандай жолмен болса да жету емес, балардың білімді игеру, ақыл - ой қызметін дамыту да, өзара қарым-қатынас жасауда жеткен жетістіктерін көрсетеміз.

Дидактикалық ойындарда да балалардың алдына қандай да бір міндеттер қойылады, оларды шешу үшін назарды жұмылдыру, ерікті зейін қою, ережесін ой елегінен өткізе білу т.б.

Олар балалардың түйсік және қабылдау қабілеттерін дамытуға, ұғымдарын қалыптастыруға, білімді меңгеруге көмектеседі Қимыл ойындары балалардың қозғалысын жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру, қағып алуды жаттықтыруға, дамытуға және жетілдіруге мүмкіндік береді. Қимыл ойындары баланың жүйке - психикалық дамуына, жеке басының аса маңызды салаларының қалыптасуына да үлкен әсер етеді. Қимылды ойында ережелер ұйымдастырушы роль атқарады, олар ойынның барысын, жүйелілігін, ойнаушылардың қарым - қатынасын, баланың мінез - құлқын анықтайды. Балалар ойынды игерген соң өздігінен ойнай алады.

Қимылды ойындарды ұлттық ойындар желісінде ұйымдастыруға болады. Мысалы: «Соқыр теке», «Көкпар», «Асық», «Бәйге», «Тақия тастамак» т.б. ойындар жатады. Баланың бірінші даму кезеңі ойын арқылы жетіледі. Сол сияқты ойындар да топта жас ерекшелігіне сай жүргізіледі. Ойын балаларға сабақта да, серуенде де өте қажет, өйткені бала жәй дем алып отырғанның өзінде де ойын үстінде болады. Қимылды ойындар баланың барлық жас кезеңінде өтеді.

Ойын — балалардың тілді үйренуге деген сенімін оятады.

Рольдік ойындарда барлық балаларға бірдей роль тиеді де, бір-бірімен міндетті түрде қарым-қатынасқа түсіп, сөйлеседі. Балалар белсенді жұмыс істеп, бір-біріне жәрдем беріп, жұмыстарын мұқият тыңдап, өздерін және бір-бірін бағалайды, ал біз тек бағыттаушы боламыз.

Рөлдік ойындардың негізгі талаптары

Ойын балалардың тілге деген қызығушылығын арттыруы қажет. Сонымен қоса, ең бастысы балалар өздеріне лайықты рольді өзі тандап алған жөн. Сонда ғана олардың ойыны да, тілі де нанымды және сенімді шығады. Рольдік ойындарға топ болып қатысқан дұрыс. Бала өзін рольде неғұрлым еркін сезінетін болса, ол соғұрлым қызыға ойнайтын болады. Осындай шарттар бойынша дайындалған материалдар қолданылса ойын соғұрлым жоғары тиімділік береді. Бастапқы кезде балалардың ынта-жігерін бақылап аламын. Сөйтіп, бақылаушы бола бастаймын. Ойынды қолдануда оның күнделікті жаттығу жұмысына айналмауын ескеру керек, ондай жағдайда баланың қызығушылығы төмендейді. Қандайда болсын ойынды таңдауда баланың жеке психологиялық қабілетін де ескерген жөн. Балалар ойын ойнағанды ұнатады және өз ынталарымен беріліп ойнайтынды.

Тапсырмаларды балалар өз беттерімен орындап және ойынды ұйымдастырып бір–біріне әділ баға беруге үйренеді.

Балабақшада мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда дидактикалық ойын маңызды құрал болып есептеледі . Мен ойын арқылы білімді меңгертіп және оны бекіту үшін дағды мен әдетті қалыптастырамын.

Балабақша жиі қолданатын дидактикалық ойын түрлерін өткіземін :

1. Ойыншықпен ойналатын ойындар.
2. Үстел үстінде ойналатын ойындар.
3. Сөздік ойындар .

Әр топта балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты ойындар , сондай-ақ тапсырмалар арқылы балалардың білімін тереңдете түсемін және ойлауын, зейінін, есте сақтауын дамытуға көмектесемін.

Ойынның мазмұны бірнеше элементтен құралады:

Дидактикалық тапсырмалар, мазмұн, ережесі және ойынның орындалуы, мұнда басты элемент – дидактикалық тапсырмалар болып табылады, ал қалған элементтер осы тапсырмаға және оның орындалуына көмектеседі.

Қорыта айтқанда, ойын- баланың жан серігі, ойын сырттай қарағанда ешқандай қиындығы жоқ , оп- оңай көрінуі мүмкін. Ал, іс-жүзінде бала ойынға қатысу үшін басқалармен тіл табысып, өзінің ойлаған ойын іске асыру оңай емес. Баланың рухани жетілуі мен табиғи өсуінің, денесінің дамуы мен ой дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей тәуелді.

Мектепке дейінгі мекемелелердің оқытудағы негізгі міндеті:

сәбилер тобынан бастап балаларға білім, дағды, іскерлікті берумен қатар ойлау қабілеттерін қалыптастырып балаларды ойлау жұмысына дайындау.

Ойын араласқан оқу қызметі тартымды өтеді, балалардың білуге деген құштарлығын арттырады, түсініктерін тереңдетеді.

Пайдаланынған әдебиеттер.

1. Тілдерді оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану.

Алматы 2010ж

2. А.Әбішева «Ойын элементтерін пайдаланудың педагогикалық ерекшеліктері»,

Роль педагога в свете обновлённого содержания образования

КУЛЬКУШЕВА ГУЛЬСУМ ВАСИЛЬЕВНА

г. Ақтобе ГККП ДО №36 Балакай. Воспитатель

Современные преобразования в стране, быстрая информатизация общества и динамичность кардинально меняют требования к образованию.

Президент страны Нурсултан Абишевич Назарбаев подчеркивает, что «... одним из ключевых факторов успеха всего модернизационного процесса является успешность обновления национальной системы образования». Сегодня она осуществляется по всем приоритетным направлениям.

Обновление содержания образования – это, прежде всего, пересмотр самой модели среднего образования, его структуры, содержания, подходов и методов обучения и воспитания, внедрение принципиально новой системы оценивания достижения учащихся. Весь комплекс мероприятий в рамках обновления содержания образования направлен на создание образовательного пространства, благоприятного для гармоничного становления и развития личности.

Качественные изменения в любой области нашей жизни, а тем более в образовании невозможны без формирования нового взгляда учителя на свое место и роль в учебном процессе. Без осмысления, нами учителями, новых целей и задач в обновлённом содержании и технологии обучения, новых форм оценивания с учетом компетентностно-ориентированного подхода в обучении это сделать практически невозможно. Именно поэтому педагогу необходима готовность к восприятию методологии и содержания обновленного ГОСО среднего общего образования, к изменению программного и методического обеспечения образовательного процесса, к изменению целей и способов педагогической деятельности.

На сегодняшний момент каждого педагога интересуют вопросы:

Чем различается обновленное содержание образования от ныне действующего?

Изменяются ли подходы к организации образовательного процесса в школе?

Что означает понятие «образование, ориентированное на результат»?

Как должен готовиться учитель к обновленному содержанию образования?

Переход на обновление содержания образования предъявляет новые требования к работе в рамках компетентностного подхода к образованию, формированию готовности работать в условиях возросшей индивидуализации образовательного процесса.

Обновление структуры образования заключается в преодолении традиционного репродуктивного стиля обучения и переход к новой развивающей, конструктивной модели образования, обеспечивающей познавательную активность и самостоятельность мышления школьников.

Программа обновления содержания образования предполагает, что обучение должно быть активным, проводиться в условиях созданной коллаборативной среды, должна осуществляться дифференциация обучения, в процессе обучения должны реализовываться межпредметные связи.

Кроме перечисленного обязательным является использование ИКТ, диалоговое обучение, осуществляться методы исследования и своевременное реагирование на потребности учащихся.

Педагог в свете обновлённого содержания обязан обладать высоким уровнем ряда компетентностей: специальной компетентностью (способность заниматься собственно профессиональной деятельностью на достаточно высоком уровне и проектировать свое дальнейшее профессиональное развитие); социальной компетентностью - совместной (коллективной, групповой) профессиональной деятельностью; образовательной компетентностью (интерес к освоению профессиональных знаний, умений и навыков), а также информационной, коммуникативной, компетентностью решения проблем.

Учитель должен уметь:

- формулировать учебные цели для достижения результатов;
- строить учебный процесс по организации усвоения учебного материала;
- готовить учебные материалы в соответствии с учебными целями;
- использовать потенциал информационной среды для учебного процесса;
- создавать условия для опережающего развития учащихся;
- - создавать атмосферу психологического комфорта и поддержки;
- - готовить учащихся к самообразованию, самоопределению и самореализации;
- - оценивать текущие результаты, направленные на достижение поставленных целей.

В освоении материала помогли позитив, благоприятная эмоциональная атмосфера, интересные диалоги, вовлечение в практическую деятельность. Значимым было моделирование урока в группах, анализ урока по этапам.

Важным принципом, лежащим в основе разработки учебных программ начального образования, является модель спиральной образовательной программы. В её основе лежит повторение изученных разделов по мере перехода учащихся в следующие классы.

Қоршаған ортаның бала тілін дамытудағы рөлі

ЕРЖАНОВА ЖАНЫЛСЫН ЗЕЙНОЛЛАЕВНА

Ақтөбе қаласы №36 "Балақай" мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады.

Біздің қоғамымызда тәрбиелік мәні, дүние танымдық орны жоғары бағаланады. Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Бүгінде мектепке дейінгі мекемелердің мазмұнын жаңарту, басқаруды жетілдіру, балабақшалар желісін сақтау тұрғысынан біршама игі істер жүргізілуде. Балалар бақшасында тәрбие бағдарламасының ең ауқымды бөлімі балаларға айналадағы өмірді, түрлі заттар мен құбылыстарды бақылатуға арналған. Өйткені сәби тұңғыш білім-дағдыларын өмірден алады.

Айналасындағы адамдарды іс-әрекетін, табиғат пен жан-жануарлар дүниесін қоғамдық өмірді бақылап көру, сезініп түсіну арқылы ой-өрісі кеңейіп, тілі дамиды лексикалық қоры молаяды. Осының нәтижесінде ол басқалармен сөздік қарым-қатынас жасайды. Қоршаған ортамен таныстыру барысында, балалардың тілі дамиды: олар заттарды танып, қасиеттерін және атауларын біледі, өз пікірлерін айтуға, сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап беруге, көргендерін айтып беруге үйренеді. Әрбір затты танып білуге кезінде балаларға сұрақтар қойып, әңгімелету арқылы сөздік қоры дами түседі.


Ұйымдастыру оқу іс-әрекеті процесінде дидактикалық ойындар, жаттығулар, балалармен қарым-қатынас жасау арқылы педагог балалардың тілін дамыта отырып, заттар туралы нақты білім беріп, сөздік қорын молайтуға ден қояды. Қоршаған ортамен таныстыру барысында бақылау жасаудан, мақсатты серуен және топтық саяхаттан алған әсерлерін, білімдерін нақтылау мақсатында әңгіме құру жұмысы кең көлемде жүргізіліп отырулы тиіс.

«Не өзгерді?»

Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.

Көнекіліктер: Жеміс пен көкөністің мультфильмі.

Ойын барысы: Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады...




«Жыл мезгілдері»

Мақсаты: Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.

Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.

Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар.

Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады. (мысалы: қыс мезгіліне қар, шырша, аққала т.б.)



«Зоологиялық фриздер»

Мақсаты: Балаларды антоним сөздері туралы түсініктерін қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: жабайы аңдар мен үй жануарлары

Ойын барысы: Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торлауға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін кіші торға орналастыруы қажет. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастыр.



«Заттық фриздер»

Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.

Көрнекіліктер: ыдыс, суреттер (көкөністер мен жемістер) муляж, қоржын.

Ойыншарты: Әр түрлі жемістер немесе көкөністер суретті муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.



Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады.

«Не қайда өседі?»

Мақсаты: Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.

Көрнекіліктер: бақ пен бақшаның, жеміс пен көкөністердің суреті.

Ойын шарты: бақ пен бақша салынған.

«Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»

Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінің тәрбиелеу, белсенділігін артыру.

Көрнекіліктер: орманның суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер, тиісті жануарлар.



Ойынның барысы: ойыншылар екі топқа бөлініп, әртүрлі табиғат көрінісі салынған бір-бір үлкен картадан алады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды үлкен картадағы салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады. Кім бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс атаса, сол жеңіске жетеді.

Қайсысы қайда тіршілік етеді?

Мақсаты: жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.

Көрнекілік: әр түрлі жануарлар, құстар суреті

ойын барысы: әр түрлі жануарлар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер енгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды.

№ D00029 01.07.2021 ж

ТӘРБИЕШІ БОЛУ- БІР БАҚЫТ

БЕКТУРГАНОВА ЛЕЙЛА АЛИБАЙЕВНА

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы № 31 «Еркемай» бөбекжайы тәрбиешісі

Мен үшін де осынау өмірімдегі ең қастерлі әрі қасиетті мамандық ол – тәрбиешілік. «Жол таңдауда жалтаңдауға болмайды» дегендей, әу баста ұлтымыздың, тәуелсіз еліміздің ертеңі боларлық бүлдіршіндерді тәрбиелеу жолын таңдағаным еш өкінбеймін. Керісінше, ауыртпалығы мен жауаптылығы қырық атанға жүк боларлық осы кәсіпті таңдау арқылы қоғамдық дамуға өлшеусіз үлес қосып келе жатқанымды мақтан етемін. Адам баласының өмірінде болуға тиіс бақыттың бірі не десек, ол – өз қалауыңмен таңдаған кәсіп-мамандығыңа деген салиқалы ынтызарлық әрі ыстық ықылас дер едім.

Өз еңбегіне жан-тәнімен берілген жан ғана өмірдің мән-мағынасын, қоғамдық ортадағы жауапкершілікті, тұтастай ұлттың ертеңіне қоса алар өзіндік үлесін тереңнен салмақтай алса керек. Бір сөзбен айтқанда, өмірдің мәні адал әрі мағыналы, жемісті әрі нәтижелі еңбекте жатқандығын түбегейлі түйсіне алған әр адам биікке бастар жолдың қадірін салмақтай біледі.

Қалаған ісіңе ғашықтық пейілмен қарай білсең, өмірден өз орныңды тапқандығың! Мұндай философиялық қағида бағзыдан қалыптасқан жоғары адагершіліктік ұғымдармен астасып жатыр. «Кәсібің – нәсібің» дейді қазақ даналығы. Шын жүрекпен қалаған кәсіп арқылы ғана және жемісті еңбек арқылы өмірлік несібеңді, абырой-беделіңді, қоғам алдындағы құрметіңді еселей аласың. Ал, тәрбиеші болу – айтуға ғана оңай шаруа болғанымен, бұл мамандықтың қоғам үшін қаншалықты маңызы барлығын сол кәсіпті таңдағандар, осы жолда еңбек етіп жүрген жандар жақсы түсінеді.

Көрнекті тұлға Ахмет Байтұрсынұлы: «Балам дейтін ел болмаса, елім дейтін бала қайдан болсын» деген екен. Балабақша тәрбиешілері қай кезеңде болсын ертеңгі елім деп еңірейтін ұрпақты тәрбиелеуге тер төгуде.

Бұл жолда үлкен ізденіс, парасат қажет. Ендеше, тәрбиешінің әр күні ізденіспен, ертеңгі азаматты қалыптастыру жауапкершілігімен ұштасып жатады. Тәуелсіз елдің жас ұрпағын лайықты түрде тәрбиелеу – біздерге артылған аса жоғары міндет. Осы міндетті орындау үшін әрбір тәрбиеші жанын салады. Ендеше, олардың әрқайсысының еңбегі қашанда құрметке лайық деп білемін.

ТӘРБИЕШІ! Бұл әрдайым үлкен әріптермен жазылуға тиіс мазмұнды сөз деп танымын. Өйткені, біз елдің ертеңгі азаматтарын тәрбиелеудеміз. Өйткені, біз жас ұрпаққа қазыналы да бай ана тілі – қазақ тілін сіңірудеміз.

Тіл арқылы бала бойына ұлттық құндылықтарды, дәстүр мен салтты, ұлтымызға тән ізгіліктерді, жалпы адамзатқа ортақ өркениеттік ұстанымдарды жұғысты етудеміз.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы Абай атамыз айтқандай, менің де осынау қастерлі мамандықтың иесі атанғанымда он үш жыл болған екен. Қиындығы мен қызығы, ауартпалығы мен жауапкершілігі қатар жүретін осы еңбектің жолындағы педагогикалық ұстанымым - үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр тәрбиленушімнің бойынан жылт еткен жақсылықты, талап пен талантты тауып, бұлақтың көзін ашу, биікке жетелеу, сондай ізденістер арқылы биік мақсаттарды орындау.

Сондықтан да бұл іс екінің бірінің қолынан келе бермейді.

Өйткені, бұл – бала жанын тереңнен сезінетін, өз ісін жан-жақты білетін, бүлдіршіндерді жан-тәнәмен сүйе алатын, оларды бағалай білетін нағыз маманның қолынан ғана келетін жұмыс.

Ұлы педагог Г.Песталоцци: «Егер де сүйе білмесең, тәрбиелеу құқыған жоқ», деген екен.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту еңбекке деген рухани адамгершіліктің қалыптасуына серпін беріп, негіз болады. Бірақ бұл қажеттілік балаға күш салмай іске асуы мүмкін емес, сондықтан оны еңбексүйгіштікке, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, дербестікке, белсенділікке және өз еңбегімен айналасындағыларға қуаныш сыйлауға талпынуына тәрбиелеу қажет.

Халқымызда «Жас келсе - іске» деген керемет сөз бар. Демек, мен бойымдағы жастық жігерімді, күш-қуатымды, жаңашылдығымды талапты әрі талантты шәкірт тәрбиелеуге жұмсауым керек. Болашақта өз тәрбиеленушілерімді биік белестерден көріп жатсам, сол үшін өзімнің аз да болса үлесім тиіп жатса, мен өзімді бақытты тәрбиеші-ұстаз, бақытты жанмын деп білемін.

Батыр Бауыржан Момышұлы: «Ешкім іштен батыр болып тумайды: батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады» деп ұлы ой айтқан болатын. Біз бақшадағы бүлдіршіндерді жақсылық атаулыға тәрбиелеуге, тамаша ортада тәлімді тәрбие беруге әрдайым жауаптымыз.

«Баланы ең әуелі мейір-шапағатқа, одан соң ақыл-парасатқа, ақырында нағыз пайдалы ғылымға, еңбекке баулы», дейді ғұлама А.Құнанбаев. Мұндай қағидалардың барлығы біздің күнделікті жұмысымызда басшылыққа алынуға тиіс екенін ұмытпай, еңбегімізді осы бағытта құрамыз.

Он жылдан аса тәрбиешілік еңбекте жүріп түйгенім – тәрбиешілік еңбекке мен басыбүтін бой ұсынып, әбден қалыптастым. Бүгінде балаларға мейірім төге отырып, биік белестерге жетуіне жауапты екенімді ешуақытта естен шығармаймын.

№ D00030 01.07.2021 ж

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНДЕ ҚОЛӨНЕРДІ ОҚЫТУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

ЖАНКУЛИЕВА АЙГУЛЬ ХАЙРУЛЛАЕВНА

*Ақтау қаласы № 17 жалпы білім беру орта
мектебінің көркем еңбек пәнінің мұғалімі*

Қазақстан Республикасының білім стандарттары мен тұжырымдамаларының жарық көруі, осыған орай мектеп бағдарламаларында болып жатқан өзгерістер, соған сәйкес қолданысқа енген жаңа оқулықтар, оқушыларды дамыту мен шығармашылыққа жетелеуді міндеттеуі, болашақ маман дайындау ісіне жауапкершілікпен қарауды талап етеді.

Осыған орай «Көркем еңбек» пәні мұғалімдерінің кәсіби шеберліктерін жоғары деңгейде болуына қойылатын талаптар да күшейді. Мектептердегі қолөнерді оқыту үрдісі мұғалімнің басшылығымен жүргізіледі.

Оның қызметінің мақсаты оқушылардың белсенді, саналы, танымды қызметін басқару болып саналады. Мұғалім оқушыларға бірте-бірте күрделі талаптар қояды, соның арқасында баланың танымдық ойының ілгерлеу қозғалысын қамтамасыз етеді. Мұғалім оқытудың табысты өтуіне жағдай жасайды, соның көмегі арқасында мазмұн оқушының игілігіне айналатындай әр түрлі әдістерді пайдаланады. Бүгінгі таңда жалпы білім беретін мектептерде қолөнерді оқытуда, бірақ осы пәнді өз деңгейінде жүргізетін теориялық, практикалық және пәнді жүргізудің әдістемесін меңгерген мұғалім жоқтың қасы. Болашақ технология мұғалімдерін қолөнерді оқытуға дайындау шеберлігін қалыптастыратын теориялық және практикалық біліммен оны оқытудың әдістемесін меңгерудің маңызы зор.

Сондықтан кәсіптік білім мамандығы бойынша білім беретін жоғары оқу орындарында жалпы «Қолөнер пәнін оқудың әдістемесі» атты элективті курсты енгізетін болсақ, нәтижесінде мектептегі қолөнерде көркемдік-эстетикалық білімді жан-жақты үгіттей білетін, жалпы мәдени және көркемдік ой-өрісі кең, көркемдік талғамы, эстетикалық мәдениеті биік мұғалім қалыптасады.

Қолөнер пәні графиканы, кескіндемені, сәндік қолөнерді, монументалдық өнерді, мүсінді зерттеу т.б. бағыттарын қамтиды. Өнер тарихы пәні лекция және пікір алысу сабақтарының түріне жатады.

Жалпы білім беретін мектептерде қолөнерді оқудың әдістемесі пәнінде оқушыларға лекция сабақтарының өтілу әдістерін, сабақ жүргізудің әртүрлі формалары, сабақ материалын түсіндіру (лекция, әңгіме), оқушылар баяндамасы, коллоквиумдер, оқушылардың рефераттары, ауызша және жазбаша талдаулар, көркемөнер қайраткерлерімен кездесу, жергілікті өлкетану

мұражайларымен, шеберханаларды аралау арқылы түпнұсқалармен тікелей таныстырудың әдістерін үйрете отырып, оушыларға үлгілі сабақтар жүргізеді.

Оқушылардың әртүрлі формада өткізетін сабағына байланысты күнтізбелік жоспарларын әзірлейді және бекітілген тақырып бойынша күнделікті сабақ жоспарын және көрнекілігін дайындайды.

Көрнекілікті пайдалана білу, қолөнердің түрлері мен жанрлары, әжелердің шығармаларының иллюстрация материалдарын көбірек талдау арқылы өнертанымдық білімдері қалыптасады. Оқушыларды тақырыптар бойынша лекция жазуға, атап айтқанда: конспект жазудың тәсілдерін, жалпылама қолданылатын қысқартулар мен белгілеулерді көрсету, лекция материалдарын толықтыруға, керекті сызбаларды, кестелерді пайдалануға үйретудің әдістері, иллюстрацияны талдауға, көркем шығармамен өз бетінше жұмыс істеуге үйретеміз. Көрнекілік әзірлеу, пайдалану әдістерінің шарттары мыналар;

а) қолөнеріндегі қолданылатын көрнекілік оқушының жасына сәйкес болуы; б) иллюстрацияны көрсеткенде басты, маңызды жақтарын бөліп көрсету; в) көрсетілетін көрнекілік материалдың мазмұнымен сәйкес болуы;

Сонымен қатар оқушыларға сабақ барысында көрнекілікті шектеулі пайдалануы керектігі және оны бірте-бірте тек сабақтың қажет сәтінде көрсетуін үйрету. Оқушыларға қолөнерін үйретуге дайындау әдістемесі пәнінен лекция сабақтары мен семинар сабақтары қатар жүргізіледі.

Болашақ технология мұғалімдеріне қолөнер пәнінде семинар сабақтарының өтілу әдістерін семинар сабақтарында оқушылардың әр ақпараттарға терең талдау жасауын және дәл баға беруін, оны оқушыларға өз бетінше атқаруға үйретуге мүмкіндік туғызудың жолдарын қарастырамыз. Егер лекцияда жетекші рольді мұғалім атқарса, семинарда жетекші рольді оқушылар атқарады. Болашақ технология пәні мұғалімнің кәсіби дайындығы педагогикалық оқу орнында аяқталмайды, ол кәсіби қызметтің барлық кезеңі бойына жалғасады.

Мұғалімнің кәсіби білімінің үздіксіздігі оның шығармашылық қабілеті дамуының, оның қызметінің интегративті элементі және жеке педагогикалық тәжірибесінің әрдайым дамуының алғы шарты болып табылады, олар; - орта және жоғары оқу орындарындағы қолөнер тарихы курсының ғылыми және психология-педагогикалық негізінің құрылымы мен мазмұны; - қолөнер пәнін оқытудың принциптері мен әдістері; - пән бойынша бейнелі күнтізбелік, тақырыптық күнтізбелік және сабақ жоспарларының жасалуы; - сабақта көрнекіліктерді пайдалана білу; - иллюстрация материалдарын талдай білу; - қолөнер пәні сабақтарында ойын-тапсырмаларын пайдалана білуі; - сәндік қолөнерінің түрлері мен жанры тақырыбында шығармашылық көрмелер ұйымдастыра білу; - оқушылардың білімдерін бағалай білу; - өзінің өткізген сабақтарын талдай білу; - әлеуметтік-эстетикалық компоненттілік - қолөнердің өнегелі және эстетикалық құндылықтарын ажырата білу, - өнер

шығармаларына эстетикалық көзқарасын қалыптастыру; - қабылдау және оның ерекшеліктері мен қайталанбастығын бағалай білу;

Практикалық немесе оқушылардың өзіндік жұмыстарында: - оқушылар және жеткіншектермен оқу-тәрбие жұмысын жүргізуде бақылау, талдау шеберліктерін игерту; - оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқутәрбие жұмысын жоспарлауды үйрету; - әр алуан типті сабақтарды әртүрлі әдістерді қолдану арқылы оқушылардың танымдық қызметін дамытуға арналған сабақтар өткізуге дайындау; - ұжым оқушылармен сынып жетекшісі функцияларын тиянақты орындауға, оқушылармен жеке оқу-тәрбие жұмысын жүргізуді үйрету; - педагогикалық қызметке шығармашылықпен, зерттеушілікпен келуін дамыту, өз еңбектерін талдау дағдыларын дамыту, өз білімдерін жетілдіру қажеттігін дамыту.

Біріншіден, оқушыларды қолөнер пәнін оқытуға дайындауда білімділікке емес, алған білімін өмірдегі кездесетін жағдайларды шешуде пайдалана алатындай етіп дайындау, оның функционалдық сауатының қажетті деңгейде болуына басымдық берілуі керек.

Екіншіден, жаңа технология ретінде сабақ үрдісінде оқушылардың өзара белсенділігін арттыру (интерактивті) әдісін жетілдіре және оның формаларын түрлендіре отырып, мұғалімдер арасына тарату, педагогикалық жүйедегі жұмыстарды іске асыруда тыңғылықты жүргізу керек.

Оқушыларды қолөнер пәнін оқытуға дайындау әдістемесінде мұғалімінің шеберлігін қалыптастырудың тағы бір тиімді жолы ол педагогикалық іс-тәжірибеден өтуі.

МАЗМҰНЫ

- БАТЫРХАНОВА ЭЛЬЗА АХВАРОВНА
- АЗЫРБАЙ ЖҰБАНДЫҚ ДӘУЛЕТҰЛЫ
- МАХАМБЕТОВА АСИЯ АМАНГАЛИЕВНА
- АЗИЛХАНОВА РЫСГУЛЬ ЖАПАСОВНА
- ЖУМАЖАНОВА ГУЛНУР КАБЫЛГАЗЫЕВНА
- ХАМЗИНА БАКСУЛУ ЕРКИНОВНА
- КОПТЛЕУОВА АНАР АМАНГАЗИЕВА
- КЕНЖЕБАЕВА ГУЛНУР
- КОЗБАГАРОВА ГУЛБАГДАТ БУРКИТАЛИКЫЗЫ
- ТАҢЖАРЫҚОВА МӨЛДІР ТАҢЖАРЫҚҚЫЗЫ
- АМАНШЕЕВА БИБАЖАР ТАМАБАЕВНА
- КУЛЬКУШЕВА ГУЛЬСУМ ВАСИЛЬЕВНА
- ЕРЖАНОВА ЖАНЫЛСЫН ЗЕЙНОЛЛАЕВНА
- БЕКТУРГАНОВА ЛЕЙЛА АЛИБАЙЕВНА
- ЖАНКУЛИЕВА АЙГУЛЬ ХАЙРУЛЛАЕВНА